

# “ӘДІЛДІК ТҰЙЫҒЫ”

ҚАЗАҚСТАНДА АЗАПТАУ  
ЖАЗАСЫЗ ҚАЛУДА

**AMNESTY**  
INTERNATIONAL



© Amnesty International, 2016 ж.

Басқаша жағдай көрсетілмесе, осы құжаттың мазмұны Creative Commons (авторлықты көрсету, коммерциялық емес мақсатта пайдалану, өзгертпеу, халықаралық 4.0) лицензиясына жатады.

<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/legalcode>

Көбірек ақпарат алу үшін біздің вебсайтымыздағы рұқсат алу бетін көріңіз: [www.amnesty.org](http://www.amnesty.org)  
Amnesty International материалдың авторлық құқығына ие болмаса, онда бұл материал Creative Commons лицензиясына жатпайды.

Тұңғыш рет 2016 ж. Peter Benenson House  
баспасымен жарияланды.

Amnesty International Ltd  
1 Easton Street London WC1X 0DW  
Біріккен Корольдік  
Индексі: EUR 57/3345/2016

Түпнұсқа тілі: ағылшын  
[amnesty.org](http://amnesty.org)

**Amnesty International көпшілік таныған адам құқықтары жалпыға қол жетерлік дүниені қолдайтын 7 миллионнан астам адамдарды біріктірген ғаламдық қозғалыс.**

**Біз Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясында және басқа да адам құқықтары саласындағы халықаралық үлгілерде жарияланған барлық құқықтарды әр адам пайдалану мүмкіндігіне ие болуға тырысамыз.**

**Біз қайсыбір үкімет, саяси идеология, экономикалық мүдделер мен діни көзқарастарға тәуелді емеспіз және қаржымыздың негізгі бөлігі мүше жарналары мен ерікті қайырымалдықтан құралады.**

**AMNESTY  
INTERNATIONAL**



# МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАША МАЗМҰНДАМА .....	6
ӘДІСТЕМЕ .....	14
ЗАҢ ШЕҢБЕРЛЕРІ.....	17
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮЛГІЛЕР .....	17
ҰЛТТЫҚ ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫ МЕН ИНСТИТУТТАР.....	19
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАПТАУ МЕН БАСҚА ДА ҚАТЫГЕЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ТЕРГЕУ РӘСІМДЕРІ.....	22
ШАҒЫМ БЕРУ.....	22
АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ .....	23
ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРГЕУ.....	24
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАУДАН БАС ТARTУҒА ШАҒЫМДАНУ .....	24
АЗАПТАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫГЕЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ТЕРГЕУ МЕН ЖАЗАЛАУДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕР .....	25
АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДЕН KEЙІН ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУДАН БАС TARTУ .....	26
СОТҚА ДЕЙІНГІ ҚАМАУДА ҰСТАУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ТҮРМЕЛЕРДЕ ЗАҢҒЕРЛІК КӨМЕКKE ЖӘНЕ ШАҒЫМДАНУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛМАУ .....	28
“БЮРОКРАТИЯЛЫҚ ПИНГ-ПОНГ” .....	29
АЗАПТАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫГЕЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ ШАҒЫМДАР БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР СОТҚА ДЕЙІН СИРЕК ЖЕТЕДІ .....	31
ӘДІЛСОТҚА ӘЛІ ДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚИЫН.....	36
ЖАҒЫМСЫЗ ЖАҢА ҮРДІС: “ТОҚТАП ҚАЛҒАН” ТЕРЕУЛЕР .....	37
ЖҮЙЕ НЕГЕ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ? .....	38
ЖАЗАСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ ҚАДАМДАРЫ.....	41
АРНАЙЫ ПРОКУРОРЛАР БӨЛІМДЕРІ.....	41
ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАР .....	47

ҰЛТТЫҚ АЛДЫН АЛУ ТЕТІГІ (ҚАТ) .....	49
ТҰЖЫРЫМДАР .....	51
ҚАЗАҚСТАН БИЛІКТЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН КЕҢЕСТЕР.....	52



## ҚЫСҚАША МАЗМҰНДАМА

“Мен жеті жылдан астам қорқып, қиналып жүріп, әділдікті күттім. Бәрі бекер. Өз елім Қазақстан Республикасы да, оның лауазымды тұлғалары да [...] менің сотқа жүгіну заңды құқығымды қорғауға ештеңе істеген жоқ...”

Василий Маклаков, Қазақстандағы 54-жасар азаптау құрбаны өзінің заңгеріне 2014 ж. сотта берген сұхбатында.

Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың азаптау оқиғалары туралы жыл сайын қабылдайтын жүздеген шағымдардың ішінен бірнешеуі ғана кінәлілерді жазалаумен аяқталады. Бұл Қазақстанның қылмыстық әділсот жүйесіндегі құқық қорғау органдары қызметкерлерінің азаптау және басқа да қатыгез әрекеттері жазасыз қалатын үйреншікті жағдай екенін көрсетеді. Соңғы төрт жылда Қылмыстық кодексі мен Қылмыстық іс жүргізу кодексіне жағымды өзгерістер енгізіліп, 2015 ж. жаңа Қылмыстық кодексі мен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің күшіне енгеніне қарамастан, адам құқықтарының осындай ауыр бұзушылықтардан зардап шеккен құрбандар үшін қолжетімді құқықтық қорғалу құралдары нәтижесіз болып қалуда. Шағым беру ресми процесі және лауазымды тұлғалардың азаптау және басқа да қатыгез әрекеттерге қарсы шара қолданбауына шағымдану рәсімі күрделі болып табылады, ал құқықбұзушылардың әділсоттан құтылу жолдары көп. Мемлекеттік мекемелерге, оның ішінде сот жүйесіне қоғамның сенімі аз, және де, құрбандар мен куәларды қорғау нәтижелі жүйенің жоқтығынан құрбандардың аз ғана саны бірінші шағымға кері жауап алғаннан кейін әділдікке қол жеткізуге тырысады.

Барлық азаптау мен қатыгез іс-әрекеттер туралы айыптарды нәтижелі тергемеу және оған кінәлі не қатысы бар лауазымды тұлғаларды жауапқа тартпау Қазақстанның адам құқықтары бойынша халықаралық міндеттемелерін бұзады. Тереңнен алғанда, бұл қылмыстық әділсот жүйесіне және құқық қорғау қызметіне қоғамның сенімін жояды. Азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарау түрлеріне ұшырағандар мен олардың отбасы мүшелерінің пікірінше, әділдік іздеу және өтемақы талап ету қиын, бұл көңіл қалдыратын, үмітсіз процесс, және де, жиі жағдайда қауіпке төндіретін іс. Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының (АҚЗСҚХБ) Директоры Роза Ақылбекова айтқандай, азаптау мен қатыгез әрекеттердің жазасыз қалуы азаптау құрбандары мен қоғамда «шарасыздық пен үрей» сезімдерін тудырады.

## ӘДІСТЕМЕ

Бұл баяндама 2011 және 2015 ж.ж. аралығында Қазақстанға жасалған оқиғаларды жинау сапарлары, жазасыз қалған азаптау мен қатыгез іс-әрекеттер туралы қосымша өткізілген зерттеу негізінде дайындалған. Осы зерттеу барысында Amnesty International өкілдері адам құқықтары бойынша ұйымдар өкілдерімен, сарапшы заңгерлермен, құрбандар мен олардың туыстарымен кездесті. Азаптау құрбандарының аз ғана саны өз оқиғаларымен ашық бөлісуге дайын; қалғандары үшін жазалау қаупі немесе азаптауға баланысты шағымдардың еш нәтижесі жоқ деген сезімі тым үлкен болды. Ал, ашық айтқандардың үлгісі азаптау оқиғаларын тергеу қазіргі жүйесінің кемшіліктері мен кері нәтижелерін жақсы көрсетеді.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЗАҢ ШЕҢБЕРЛЕРІ

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт (АСҚХП) және Азаптау мен басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенциясына қол қойған ел ретінде Қазақстан кез келген азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттерінің алдын алуға және тыйым салуға, азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттер туралы әр шынайы ақпаратты тергеп, айыптыларды жауапқа тартуға және құрбандарға тиісті өтемақы қамтамасыз етуге міндетті.

Осы міндеттемелер Қазақстанның ұлттық заң құжаттарында, оның ішінде Конституцияда (17-бап) бекітілген, онда азаптауға тікелей тыйым салынған. Сонымен бірге, Қылмыстық кодексіне 2002 жылы азаптауды сезіктінің іс жүргізу барысындағы құқығы емес, қылмыс ретінде бекітетін өзгеріс енгізілді. 2011 жылы азаптау мемлекеттік әділсот жүйесіне қарсы қылмыс ретінде емес, азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзатын қылмыс ретінде бекітілді. Және де, 2011 жылы арнайы прокурорлар бөлімдердің (АПБ)<sup>1</sup> өкілеттігі азаптауға қатысты барлық шағымдар бойынша тергеуді басқаруға дейін кеңейтілді. 2015 ж. күшіне енген жаңа Қылмыстық кодекс азаптауға байланысты қылмыстар бойынша ескіру мерзімін жойып, азаптау үшін айыпталған не сотталғандарға амнистия қолдануға тыйым салды және ең жоғары жаза мөлшерін 12 жылға дейін көтерді.

2012 жылы Бас прокурор Асқат Дауылбаев прокурорларға «әр азаптау оқиғасы бойынша қылмыстық іс ашуға» және әр азаптау туралы шағым бойынша тікелей жұмыс істеуге тапсырма берді. Сол жылы прокурорлардың ішкі нұсқауларына азаптау қылмыстарын тікелей тергеу құқығын беретін өзгерістер енгізілген. Ал, басқа жағдайларда прокурорлардың тергеу құзыры жоқ.

Қоғамдық бақылау комиссиялары (ҚБК) 2004 ж. бастап, түрмелердегі жағдайды бақылауға, оның ішінде азаптау туралы шағымдарды тіркеуге құқығына ие болды. 2013 ж. Қазақстан Азаптауға қарсы Конвенцияның Қосымша Хаттамасына (АҚКҚХ) сәйкес, Ұлттық алдын алу Тетігі (ҰАТ) туралы заң қабылдады.

Өкінішке орай, осы құқықтық және институционалдық негіз азаптау құрбандары мен басқа да қатыгез әрекеттердің құрбандарына әділдік және келтірілген зиянын өтеуге әкелген жоқ. Азаптауға қарсы заң кепілдері мен шағымдарды бағалау, тергеу рәсімдерін енгізгеніне қарамастан, азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттер оқиғаларын тергеу үлгілерінен әлдеқайда

---

<sup>1</sup> Арнайы прокурорлар бөлімі (АПБ) бастапқыда саны аз күрделі және ерекше істермен айналысуға міндетті болатын. Ол Бас прокуратураның қарамағындағы бөлім болып табылады.

алыс жатыр. Нәтижесінде, құқық қорғау органдары тарапынан азаптау мен қатыгез іс-әрекеттер әлі де көптеген жағдайда жазасыз қалуда.

### ТЕРГЕУ РӘСІМДЕРІ

Қағаз жүзінде азаптауға байланысты істер бойынша анық рәсімдер бекітілген. Алайда, рәсімдердің күрделілігі құқықтық көмегі жоқ құрбандарға әділсотқа қол жеткізу қиын екенін аңғартады.

Қазақстандағы әр азаптау құрбаны өзіне жасалған қылмыс туралы құқық қорғау органдарына (қылмыстық полиция, Мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы Агенттікке (бұрынғы қаржы полициясы) немесе Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, прокуратураға) шағым беруге құқылы. Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (2015 ж. енгізілді) сәйкес, қылмыс (оның ішінде азаптау) туралы тіркелген әр арыз дереу тергелуі тиіс. Бұл бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне қарағанда, жақсару болып табылады. Оған сәйкес, барлық арыздар қылмыстық іс қозғалғанға дейін оны толық тергеуден керектігін алдын ала тексеру процесінен өтуі тиіс еді. Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, азаптау мен қатыгез әрекетін жасады деп айыпталған мекемеде тергеу өткізілмеуі тиіс.

Бірақ, заңда бекітілген анық рәсімдерге қарамастан, тәжірибе одан өзгеше. Көптеген жағдайда азаптау және қатыгез іс-әрекеттер құрбандары бұл әрекеттерге қылмыс ретінде шағымдану құқықтары бар екенін білмеген (егер олар осы құқық туралы адвокаты немесе үкіметтік емес ұйымнан білмесе), мысалы, алдын ала қамаудағылар немесе сотталып, түрмелерде отырғандар. Оның орнына олар әдеттегідей, іске қатысатын «лауазымды тұлғалардың процессуалдық құқықтарды бұзатын әрекеттеріне» шағымдануға мәжбүр болған. Іс жүргізу «қатесі» туралы шағым үш күннің ішінде прокурорлық (бірақ жиі жағдайда ішкі бақылау бөлімінің) тексерісінен өтеді, одан кейін прокурор қылмыстық іс қозғау керектігін шешеді. Осындай кетіктің әрі қарай қалуы және прокурорлардың іс жүргізу бұзушылықтары туралы шағымдарды дереу басқаша квалификациялау қабілетсіздігі Қылмыстық кодексі мен Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің жағымды реформаларын жоққа шығарады.

### АЗАПТАУҒА ҚАТЫСТЫ ІСТЕРДІ ТЕРГЕУ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУДАН БАС ТARTУ

Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы 2013 ж. және 2014 ж. азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттер туралы 350 және 400 шағым тіркеді<sup>2</sup>. Тәуелсіз ҰЕҰ алатын шағымдардың бәрі бірдей құқық қорғау органдарында тіркелмейді, нәтижесінде олардың тек аз саны ғана соттық жазалауға дейін жетеді. Бұл мәліметтер Бас прокуратура Басқармасының ресми статистикасымен расталады: 2015 ж. жеті айының ішінде сотқа дейін он оқиға жетті, оның бесеуі айыптаумен аяқталды. Сотталғандардың ішінен біреуі ғана бас бостандығынан айырылды.<sup>3</sup>

---

<sup>2</sup> Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы, *Халықаралық адвокация шеңберінде Еуропа Одағы өкілдерімен кездесу, 2015 ж. 18 мамыр*.  
[http://www.bureau.kz/novosti/sobstvennaya\\_informaciya/spravochnyi\\_dokument\\_po\\_voprosam\\_pytok](http://www.bureau.kz/novosti/sobstvennaya_informaciya/spravochnyi_dokument_po_voprosam_pytok) (2015 ж. 23 қыркүйекте шығарылды) (Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы, *Халықаралық адвокация шеңберінде Еуропа Одағы өкілдерімен кездесу, 2015 ж. 18 мамыр* [Meeting with representatives of the European Union within the framework of international advocacy]).

<sup>3</sup> Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы жазбаша сұрауы бойынша Бас прокуратураның берген статистикасы. Айыптаумен аяқталған басқа төрт істер бойынша ешкім бас бостандығынан айырылған жоқ; екі құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің бас бостандығы шектелді, ал қалған екеуі шарттық жаза



Осы баяндамадағы мысалға келтірілген істердің көпшілігі бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша асталған. Осыған байланысты олар алдын ала тергеу барысында азаптау орын алмаған (салмақты дәлел болса да) немесе қылмыскерлер табылмады деген тұжырыммен қылмыстық іс қозғаумен аяқталмады. Бұл таңғаларлық жайт емес, өйткені, осы алдын ала тергеулер өз қызметкерлері бұзушылық жасады деп айыпталған құқық қорғау органдарының ішкі бақылау бөлімдерімен жүргізілген. Сондай тексерістер бейтарапты емес, сирек жағдайда ғана тиісті нақтылықпен жүргізілетінін аңғартады. Құрбандар осы алдын ала тергеу сатысында құқықтық мәртебесіз болып, беймәлім болып қалуда. Оқиғалардың көбісінде олар ресми жауап ретінде шағымдары қаралып, негізсіз табылды деген мәліметті алады. Кейін осы шешімдер Қазақстандағы заңгерлер арасында «бюрократиялық пинг-понг» деп аталатын ойынға айналады, яғни, бір прокурордан басқаға, құқық қорғау органдары арасында анда-мында жүріп, ешкім шынайы тергеу жүргізбейді. Осы баяндамадағы мысалдар көрсеткендей, сол «бюрократиялық пинг-понг» жылдар бойы созылады, көптеген шағымдар бойынша әлі де жүріп жатыр.

2015 ж. заңгерлермен өткізілген сұхбаттар көрсеткендей, қылмыстық іс дереу қозғалғанның өзінде де (жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес), нақты да бейтарапты тергеудің кепілі жоқ және азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттердің құрбандары өтемақы алу жолында көптеген кедергілері бар. Прокурорлар мен азаптау оқиғаларын тергеу тиіс басқа да мекемелер жәбірленушілер өз шағымдарын тек жазадан жалтару мақсатында ғана берді деп, азаптау болған жоқ деп санайды. Құрбандар өтірік айтады деген болжам тергеушілердің дәлелдерді жинаудан және рәсімдеуден бас тарту, прокурорлардың соттық медициналық сараптама нәтижелерін, арызданушылар не олардың адвокаттары берген дәлелдерді елемейді дегеніне жатыр.

Әділсотқа қол жеткізу кедергілеріне жәбірленушілерге тергеу барысы туралы ақпарат бермеу, қылмыскерлерді анықтау мүмкін емес деп айту, тергеуді созбалау, әртүрлі мекемелер мен соттар арасында «бюрократиялық пинг-понг» ойнау жатады. Осының бәрін шағым берген құрбан және оның адвокаты бастан өткізеді. Адвокаттардың айтуынша, жаңа бір жағымсыз үрдіс пайда болды, яғни қазіргі уақытта азаптау туралы шағымдар қылмыс ретінде тіркеледі, бірақ тергеушілер айлар бойы ештеңе істемей, тергеу шектен тыс созылады. Бірнеше айдан кейін жәбірленуші ақыры кері жауап алғанда, өзі және адвокаты шағымданған жағдайда тағы да «пинг-понг» басталады. Азаптады деп айыпталған құқық қорғау органдары тарапынан жәбірленушілерді және адвокаттарын, отбасы мүшелерін қудалау, қорқыту осы мерзім ішінде негізгі кедергілердің қатарында тұр, мысалы, бас бостандығынан айырылғандар үшін, өйткені онда талапкерлер мен куәларды қорғау кепілдері жоқ.

### **ЖҮЙЕ НЕГЕ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ?**

Қазақстандағы азаптау құрбандары кездестіретін әділсотқа қол жеткізуге басты кедергілері азаптау оқиғаларын тергейтін органдардың бейтарапты және жан-жақты тергеуге мүдделі емес екендігі болып табылады. Оның орнына азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдардың тергелуі құқық қорғау органдарының корпоративтік ауызбірлігі, әріптестермен қарым-қатынасты бұзғысы келмеу, тәуелсіз бақылау жүргізбеуге келіп тіреледі. Осы факторлар Қазақстандағы азаптау және басқа да қатыгез әрекеттердің құрбандарына әділсотқа қол жеткізу және зиянды өтеуге басты кедергілер болып табылады.

---

мерзімдеріне сотталды.

2011 ж. Қылмыстық іс жүргізу кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдар басқа ведомствомен қаралуы тиіс (яғни, қаржы полиция – енді мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы агенттігі) - егер арыз қылмыстық полиция қызметкеріне қарсы жасалса және керісінше). Бұл тергеуді біржақты болдырмайды. Amnesty International зерттеуі бойынша, тергеу жауапкершілігін қаржы полициясы мен қылмыстық полиция арасында бөлу тәуелсіздік пен бейтараптылық мәселесін шешпейді, өйткені кәсіби ауызбірлікпен қоса осы екі мекемелер басқа қылмыстарды тергегенде бір-біріне сүйенеді және жақсы қарым-қатынастарын бұзғысы келмейді. Ең соңында Бас прокуратура азаптау оқиғаларын тергеуге, бірақ, сонымен қатар, басқа да қылмыстарды тергеу үшін және айып тағу үшін жауапты болып табылады. Прокуратураның айыптауды қамтамасыз ету үшін қысым жасауы және жазасыздықтың кең таралуы азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттерді құқық қорғау органдарда жауап алу кезінде қолдануын институционалдық тұрғыдан мойындауын аңғартады.

Осындай елеулі кедергілерге қарсы тұратын ҰЕҰ-р мен адвокаттар. Олар құрбандарды қолдап, жақсы адвокаттарды шақырады, оның ішінде құқық қорғау органдардың азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттер оқиғаларын тергемеуге тырысу, әрекетсіздігімен күресуге көмектеседі. Осы баяндамаға енгізілген барлық оқиғалар бойынша ҰЕҰ-р жәбірленушілер мен олардың туыстарына заңгерлік және психологиялық көмек көрсетті. ҰЕҰ-р сонымен бірге азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттер оқиғаларының дәлелдерін жинауда, рәсімдеуде маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік органдар ештеңе істегісі келмейтін жағдайда нәтижелі тергеу мен сотта жауапқа тарту үшін бұл өте керекті, әсіресе құрбан полиция учаскесінде болғанда (айыпталғанға дейін), ол кезде лицензиясы бар адвокат қана ұсталғанға бара алады (пенитенциарлық мекемелердің қызметкерлері мен қоғамдық бақылау комиссиялары не Ұлттық алдын алу тетігі мүшелерінен басқа (төменде қараңыз)). Осы әртүрлі қолдау түрлері құрбандар мен олардың отбасыларын әділдікке, зиянды өтеуге жігерлендіруде маңызды рөл атқарады.

### **ЖАЗАСЫЗДЫҚПЕН КҮРЕСУ ҚАДАМДАРЫ**

Арнайы прокурорлар бөлімі құзыретін кеңейтіп, оларға азаптауға қатысты қылмыстарды (Қылмыстық кодексінде бекітілгендей) тергеуді тапсыру, Қоғамдық бақылау комиссияларына түрмелерге баруға рұқсат беру және Ұлттық алдын ала тетікті орнату жағымды шаралар мен қадамдар болып табылады, бірақ осының бәрі жазасыздықты жою үшін жеткіліксіз.

Арнайы прокурорлар бөлімдері (АПБ) Бас прокуратураның бөлігі болып табылады, бірақ бөлек прокурорлық бөлім болып жұмыс істейді. 2011 ж. бастап, АПБ-ң азаптауға қатысты шағымдар бойынша барлық істерді жүргізуге міндетті; бір жылдан кейін оларға ішкі нұсқаулармен азаптауға қатысты істерді тергеу тікелей құзыреті қосылған болатын (прокурорлар негізі, тергеу жүргізе алмайды). Бұл өте жағымды қадам болатын. Бірнеше істер бойынша АПБ азаптауға қатысты шағымдарды нәтижелі қараған. Бірақ, осы зерттеуіміз бұның сирек жағдай екенін көрсетті: АПБ істерге қатысуы біркелкі емес, істің маңыздылығына мән бермейді, одан басқа да жағымсыз факторлар бар, мысалы, жәбірленушінің жеке мәліметтеріне қол жеткізу оңай, адвокат тарапынан қысым жасау. Ресурстар мен қабілеттің жоқтығы, сонымен бірге қылмыстық тергеуді реттейтін заң құжаттарының анықсыздығы олардың нәтижелігіне кедергі жасайды, өйткені Қылмыстық іс жүргізу кодексі азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды тергеуде не алдын ала тексеруде прокурорлардың рөлін белгілемейді. Нәтижесінде, АПБ жиі жағдайда азаптауға қатысты істерді өздері жүргізуден бас тартады, оның орнына құқық қорғау органдары жүргізетін тергеуді жай ғана басқарады және олардың қорытындыларын қабыл алады.

ҮЕҰ-р мен адвокаттардың қысымы АПБ-н кейбір оқиғалар бойынша нәтижелі тергеу жүргізуге мәжбүр етті. Бұл АПБ-ң Қазақстандағы құрбандардың әділдікке қол жеткізуінде маңызды рөл атқара алатынын және азаматтық қоғамның қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету мен түрмелердің жұмысын білу маңызды екенін көрсетеді.

Азаматтық қоғам өкілдерінен құралатын Қоғамдық бақылау комиссиялары (ҚБК) міндетті түрде Ішкі істер министрлігінің мекемелеріне, оның ішінде түрмелерге, тергеу изоляторларына, уақытша ұстау изоляторларына, полиция учаскелеріне бақылау жүргізу үшін жіберіледі. 2013 ж. шілде айында Қазақстанда Ұлттық алдын алу тетігі орнатқанға дейін ІІМ қарамағындағы қамауда ұстау орындарына жіберілетін азаматтық қоғамның жалғыз өкілдері ҚБК болатын. ҚБК ұсталғандармен, қамалғандармен сөйлесіп, азаптау туралы арыздарды тіркей алады. 2010 ж. қабылданған «Құқық қорғау органдарының азаматтық қоғам мүшелерімен азаптау және басқа да заңсыз тергеу жүргізу әрекеттеріне шағымдарду тексеру кезінде өзара ынтымақтасу және сондай шағымдарды қарау туралы» Біріккен бұйрығы құқық қорғау органдарына ҚБК-мен бірге азаптау оқиғаларын тексеруді тапсырады. Мысалы, оған сәйкес, құқық қорғау органдары ҚБК-на қамаудағы құрбандардан интервью алуға рұқсат етуі мүмкін. Және де, осы жауаптар дәлел ретінде келтірілуі мүмкін. Бірақ, іс жүзінде бұл бұйрық кең қолданылмайды. Дегенмен, ҚБК қызметіне көптеген шектеулер де бар, мысалы, олар алдын ала хабарламасыз келе алмайды. ҚБК-ң Қазақстандағы азаматтық қоғам басқаратын шағымдарды тәуелсіз тексеру және азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарау оқиғаларын тергеуді қамтамасыз етуге қабілеті бар, бірақ олардың дербес және нәтижелі жұмыс істеу мүмкіндігі күшеюі тиіс.

Ұлттық алдын ала тетігі (ҰАТ) 2014 ж. қаңтарда жұмысын бастады, оның мүшелері әр жыл сайын үйлестіру кеңесімен сайланады.<sup>4</sup> ҚБК сияқты, мүшелері ең алдымен азаматтық қоғамнан келген. ҚБК ҚБК сияқты, ҰАТ алдында бірқатар бюроқратиялық кедергілер бар, мысалы, ҰАТ шұғыл және жоспарланбаған тексеру өткізу үшін омбудсменнің жазбаша рұқсатын алу тиіс. ҰАТ-н басқаратын омбудсмен офисі де ҰАТ рөлін тексеруден көрі алдын алу деп жақсырақ жеткізуге көбірек жұмыс істей алады. Қазіргі уақытта ҰАТ-не жүгінген сотталғандар оны шағым алу тетігі деп санайды, ал бұл тетіктің тергеу барысында болған азаптау туралы шағымдар түсіп, қаралған кезде нәтижелі болмағандығы және бұл жағдай әрі жалғаса берсе, жақын арада оған қоғам сенімін жоғалту қаупін тудырады.

#### **ТҰЖЫРЫМДАР**

Азаптау көлемін бақалау қиын, өйткені ол өте төмен деңгейде көрсетіледі. Алайда, азаптау және қатыгез әрекеттер мәселесі Қазақстанда кең таралғанына күмән жоқ. Бұл басым болып бара жатқан жазасыздық үрдісін әрі қарай жалғастырады. Біркелкі емес реформалар соңғы он жылдықта адам құқықтарын осындай жантүршігерлік бұзушылығын елеулі түрде азайта алмады. Мәдени және ұйымдастыру өзгерістеріне жету қиын, түбегейлі институционалдық реформаға да әлі қол жеткізілген оқ. Дегенмен, нақты қадамдар жасалды, Қазақстан қазіргі институционалдық реформа шеңберінде де азаптау және қатыгездікпен қарауға қарсы нәтижелі қадам жасай алады.

Қазақстан билігі ең біріншіден, қазіргі азаптау туралы шағымдарды тексеру мен тергеудің нәтижелі болуын қамтамасыз ету тиіс. Бастапқыдан, прокурорлар қазіргі уақытта жалтару

---

<sup>4</sup> ҰАТ және Омбудсман офисі арасындағы қарым-қатынастар туралы толығырақ мәліметті 50-бетінде табасыз.

жолы болып қолданылатын «процессуалдық бұзушылық» ретінде қаралатын азаптау туралы шағымдарды қылмыс туралы арыздар ретінде қарап, тергеуі тиіс. Шағымдарды полицияда толығымен тәуелсіз қарау тетігін орнатқанға дейін азаптау туралы арыздар бойынша АПБ рөлін күшейту керек. Олар аздаған оқиғалар бойынша өзінің нәтижелігін көрсетті. Олардың құзыретіне міндетті түрде барлық азаптау туралы шағымдарды тергеу жауапкершілігі жатқызылуы тиіс, олар тек сөз жүзінде ғана құқық қорғау органдары жүргізетін тергеуді басқармай, өздері тікелей тергеуге қатысуылары тиіс.

Екіншіден, ҰЕҰ-ң бұзушылықтарды тіркеу және құрбандарға көмектесудегі жағымды рөлі тергеу органдарымен тең мойындалуы тиіс. Қазақстандағы азаптау мен қатыгез әрекеттердің құрбандары әділсотқа қол жеткізуі және зиянды өтеу алдында тұрған кедергілері бар болған жағдайда, толығымен тәуелсіз тергеу жоқ болғанда, құрбандар мен олардың отбасыларын қолдап, араласқан аздаған ҰЕҰ-р заңгерлік көмек, психологиялық кеңес пен моральдық қолдау көрсетіп, дәлелдерді жинап, рәсімдейді.

ҚБК қамауда ұстау орындарына кедергісіз кіруі тиіс, сонымен бірге, азаптау туралы шағымданған сотталғандармен сөйлесу құқығына ие болуы тиіс; осы құқықтар заңмен мойындалып, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен сақталуы тиіс. ҰАТ қабілеттілігі күшейтілуі тиіс, оның Азаптауға қарсы Конвенциясының Қосымша Хаттамасына (АҚКҚХ) сәйкес өз рөлін нәтижелі орындау үшін жеткілікті ресурстары болуы тиіс.

Осы өзгерістерді бақылау үшін және азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарау түрлері н қолдану туралы істерді тергеу сапасын жақсарту үшін (бұл міндеттерді ҚБК да, ҰАТ де орындауы тиіс емес) Бас прокурор Қазақстан ҰЕҰ-ң Азаптауға қарсы Коалициясы мен ҚБК Үйлестіру кеңесінің, омбудсмен офисінің тәжірибесіне сүйеніп, кеңес құруы керек. Жылына екі рет кездесуі мүмкін, және де, азаптау қолдану туралы шағымдарды тергеу процесіндегі жүйелі кемшіліктерді анықтап, жоюға және кейбір жеке оқиғаларды қайта қарауға құқылы болуы тиіс. Бұл Қазақстандағы азаптау құрбандарының әділсот құқықтарын жүзеге асырудағы маңызды қадам болады.

#### ҚАЗАҚСТАН БИЛІКТЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН КЕҢЕСТЕР

- Арнайы прокурорлар бөлімдерінің (АПБ) құзыретін анықтап, мынадай міндеттерді жүктеу:
  - Азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарауға қатысты **барлық** істер бойынша тергеуді өз қолына алу; және
  - Құқық қорғау органдары жүргізетін тергеуді басқарып қана қоймай, азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарауға қатысты істер бойынша тергеуге белсенді араласу.
- Жылына екі рет кездесіп, азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттеріне қатысты шағымдардың тергелуін бақылау үшін Бас прокурор басшылығымен кеңес құру. Бұл кеңес азаптау оқиғаларын тергеудегі жүйелі кемшіліктерді анықтап, оларды жою бойынша кеңестер беріп, жеке оқиғаларды қарауы мүмкін. Кеңеске азаматтық қоғам сарапшылары, оның ішінде Қазақстанның ҰЕҰ азаптауға қарсы Коалициясы, ҚБК Үйлестіру кеңесі мүшелері мен омбудсмен офисі өкілдері шақырылуы мүмкін.
- «Құқық қорғау органдарының азаматтық қоғам мүшелерімен азаптау және басқа да заңсыз тергеу жүргізу әрекеттеріне шағымдарду тексеру кезінде өзара ынтымақтасу және сондай шағымдарды қарау туралы» Бірлескен бұйрығын мынадай мақсаттарда өзгерту:

- Ресми түрде мойындалған Қоғамдық бақылау тетігінің түрмелер мен тергеу изоляторларындағы азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттері құрбандарымен кедергісіз кездесу құқығын жүзеге асыру ретін бекіту; және
- Ресми түрде мойындалған Қоғамдық бақылау тетігі арқылы түскен барлық азаптау туралы шағымдар қылмыстық іс ретінде тергелуі тиіс.
- ҚБК мен Ұлттық алдын алу тетігі (ҰАТ) өз рөлін нәтижелі атқару үшін жеткілікті ресурстарға ие болуын қамтамасыз ету тиіс, оның ішінде ҰАТ мүшелеріне бақылауды жақсарту үшін тренингтер өткізілуі тиіс.
- Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды тергеу бойынша толық жауапкершілігі бар тәуелсіз полицияға шағымдану тетігін құру. Ол жоғарыда айтылған Кеңеспен және кең мағынада азаматтық қоғаммен бірлесіп жұмыс істеуі тиіс.
- Прокурорлар азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды іс жүргізу бұзушылығы емес, қылмыс ретінде қарауы тиіс.
- Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттерді нәтижелі рәсімдеу және тергеу үшін жергілікті тәжірибеге Стамбул Хаттамасында бекітілген кеңестерді енгізу керек.
- Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер құрбандары тәуелсіз дәрігерлік тексеруге және оларға медициналық мәліметтердің көшірмелеріне өздері және адвокаттары кідіріссіз қол жеткізе алатынын қамтамасыз ету.
- Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер құрбандарын қорғайтын адвокаттар өз кәсіби міндеттерін БҰҰ заңгерлер рөлі туралы Негізгі ұстамдарға сәйкес қорқытусыз немесе заңсыз араласуынсыз орындай алатынын қамтамасыз ету.<sup>5</sup>

---

<sup>5</sup> Біріккен Ұлттар Ұйымы, “Заңгерлер рөлі туралы негізгі ұстамдар. Айыпталушыларға қарсы қылмыстар мен бұзушылықтардың алдын алу бойынша БҰҰ сегізінші Конгресімен қабылданды, Гавана, Куба, 1990 ж. 27-тамыз – 7 қыркүйек. <http://www.ohchr.org/EN/ProfessionalInterest/Pages/RoleOfLawyers.aspx> (2015 ж. 5 қараша бойынша беріледі).

## ӘДІСТЕМЕ

Осы баяндама 2011 ж. мен 2015 ж. аралығында Қазақстанға оқиғаларды зерттеу сапарларына және азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарау түрлерін жазасыз қалдыру бойынша қосымша зерттеу нәтижелеріне сүйенген. Осы зерттеу барысында Amnesty International өкілдері халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен, адам құқықтары бойынша ұйымдармен, сарапшы заңгерлер және осы баяндамада айтылған құрбандар мен олардың туыстарымен кездесі. Құпиялықты сақтау мақсатында/немесе құрбандар мен туыстарының сұрауы бойынша кейбір жағдайда ақпарат көздері мен тұлғалардың аты-жөндері аталған жоқ. 2015 ж. зерттеу миссиясы барысында Amnesty International ұлттық Омбудсмен офісі қызметкерлерімен кездесе алды, бірақ бірнеше жазбаша сұраныс жасалғанына қарамастан, басқа мемлекеттік органдары өкілдерімен кездесе алмады. Бас прокуратура Amnesty International Азаптауға қарсы Қазақстан ҰЕҰ-р Коалициясынан алған ақпарат жайлы жіберген сұранысына жауап берген жоқ. Бұл Коалиция Amnesty International бірге осы баяндама бойынша бірігіп жұмыс істеді.

Белгілі болған құрбандардың аз ғана саны өз оқиғаларын жария етуге дайын болды. Amnesty International ойынша, Қазақстанда шағымданбай, жазалаудан қорыққан құқық қорғау органдары тарапынан азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттер құрбандар айтарлықтай көп. Қоғамның әділсот жүйесіне сенімсіздігі және жәбірленушілер мен куәларды нәтижелі қорғау жүйесінің жоқтығын ескергенде, бұл зерттеу құрбандардың аз ғана саны бірінші шағымға кері жауап алғаннан кейін әділдікке қол жеткізіп, өтемақыны талап етуге тырысқанын көрсетеді. ҰЕҰ әр жыл сайын көптеген азаптау және қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды алғанымен, осы баяндамада нақты да жан-жақты келтірілген оқиғалардың саны шектеулі екені сондықтан түсінікті болады. Аз ғана топтың өз басынан өткенін айтып, тіпті ол туралы атын атамай айтуға да батылы барады. Бастапқыдан ресми түрде азаптау және қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды бергендердің ішінен өте аз саны осы баяндамада көрсетілген елеулі кедергілерден тайсалмай әділдік пен өтемақы талап етті.

Amnesty International-мен сөйлесуге дайын болған және осы баяндамада көрсетілген құрбандардың аз ғана саны Қазақстандағы азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер оқиғалары мен құрбандардың шынайы көлемін көрсетпейтінін аңғартады. Мысалы, осы баяндамада көрсетілген құрбандардың ішінен екеуі ғана әйелдер,<sup>6</sup> және де, олардың көпшілігі басым болып табылатын қазақ ұлтына жатпайды. Оқиғалардың көпшілігі бір аймақта, Қостанай облысында орын алды. Онда іске берілген заңгерлер мен адам құқықтарын қорғаушылар азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер құрбандарына әділдік пен өтемақы қамтамасыз ету үшін шаршамай күресуде, көптеген қылмыстық істер осы аймақта қозғалған. Дегенмен, осы шектеулі мысалдар құқықтық және институционалдық кемшіліктерді, қазіргі жүйенің кемшіліктерін анық көрсетіп, жетілдіру бойынша кеңестерге негіз болады.

---

<sup>6</sup> Осындай әйелдердің төмен санын ресми статистика көрсетеді. Бас прокуратура жыл сайын беретін мәліметтерде бірнеше азаптау құрбаны болған әйелдер ғана көрсетілді. Бұл сонымен бірге, Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясына берген баяндамаларын да қамтиды, олардың бірнешеуі ғана құрбан болған әйелдерді көрсеткен.

Осы жеке істермен бірге бұл баяндамада қауіпсіздік органдарындағы азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттерді қолдануға қарсы жүйенің әлсіздігі мен кемшіліктерін көрсету үшін 2011 ж. Қамауға алынған Жаңаөзендегі қарсы шыққандарға азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттерді жасауға қатысты тергеудің жоқ болғаны да көрсетілді.

## ЖАҢАӨЗЕНДЕГІ ҚАРСЫЛЫҚ<sup>7</sup>

2011 ж. 16 желтоқсанда Қазақстанның оңтүстік-батыс жағында орналасқан Жаңаөзен қаласындағы Қазақстан Тәуелсіздігінің 20-жылдығы мерейтойы демонстранттар мен полиция арасындағы қанды қақтығысқа айналды. Полиция асыра күш қолданғаннан кейін кем дегенде, 15 адам өліп, 100-ден аса жарақат алған.

Зорлық-зомбылықтан кейін жаппай тәртіпсіздікке қатысқандары үшін жүздеген адамдар ұсталған болатын. Кейбір мәліметтерге сәйкес, Жаңаөзендегі орталық полиция учаскесінде қақтығыстардан кейін ұсталған кем дегенде, 700 адамнан тұратын тізім болғанын көргендер болды. Олардың көпшілігі бірнеше күннен кейін босатылған. Кейбір босатылғандар және ұсталғандардың туыстары айтқандай, ондаған ер адамдар мен әйелдер ұсталып, бейресми қстау орындарына жеткізілген, онда олар еш қатынасыз, жиі жағдайда жердің астында полиция бақылауымен толы камераларда ұсталған. Олардың айтуынша, ұсталған әйелдер де, еркектер де азаптау мен қатыгездікке ұшыраған, оларды тырдай жалаңаш шешіндіріп, суық бетон еденге жатқызып не отырғызып, үстеріне суық су құйған, қауіпсіздік қызметкерлері адамдар естерінен талғанша ұрып-соғып, тепкілеген. Қайтадан су құйып, бірнеше сағат бойы ұрып-соққан.<sup>8</sup> Әйелдер мен еркектер полицияда ұсталған кезде бірінші сағаттарда бір камерада бірге ұсталған.

Жаңаөзендегі қақтығысқа қатысқаны не ұйымдастырғаны үшін 2012 ж. Ақтауда облыстық сотта 37 айыпталушы қауіпсіздік қызметкерлері тарапынан азаптау немесе қатыгез әрекеттерге ұшырағанын, олардан «мойындауды» күштеп алғанын айтып, сол жауаптарынан сотта бас тартты. Сотталғандар айтқан азаптау тәсілдері 2011 ж. Желтоқсанда босатылғандардың көбісінің сөздеріне ұласады. Айыптау жағының он куәгері айыпталушыларға қарсы берген жауаптарынан сот барысында бас тартты және сондай жауапты азаптау салдарынан беруге мәжбүр болғандарын айтып, шағымданды.

Азаптауға қарсы Комитеті Қазақстанның үшінші мерзімдік баяндамасы (2014 ж.) бойынша өзінің қорытынды ескертулерінде Жаңаөзен оқиғаларынан кейін түскен азаптау және қатыгез әрекеттер туралы шағымдар қазақстандық билік тарапынан ешқашан

<sup>7</sup> Көбірек ақпарат алу үшін: Amnesty International, *Қазақстан: Жаңаөзендегі қарсы шыққандар мен полиция арасында қақтығыстан 100 күннен кейін ресми тергеу барысы мен мәні сауал тудырады*, (Индексі: EUR 57/001/2012), <https://www.amnesty.org/download/Documents/24000/eur570012012en.pdf> (2015 ж. 1 шілдеде қаралды) (Amnesty International, *Қазақстан: Жаңаөзендегі қарсы шыққандар мен полиция арасында қақтығыстан 100 күннен кейін ресми тергеу барысы мен мәні сауал тудырады*) және Amnesty International «Қазақстанда азаптау мен қатыгездікпен қараудың басқа да түрлерін үйреншікті қолдану қатал дәстүрі» (Old habits: The routine use of torture and other ill-treatment in Kazakhstan (Индексі: EUR 57/001/2013), <http://www.amnesty.org/fr/library/info/EUR57/001/2013/en> (2015 ж. 1 шілдеде қаралды).

<sup>8</sup> Amnesty International, *Қазақстан: ресми тергеу барысы мен мәні сауал тудырады*.

толыққанды және нәтижелі қаралып, тергелген жоқ деп атап көрсетті.<sup>9</sup>

Осы баяндаманы Amnesty International-ң 2014 ж. БҰҰ Азаптауға қарсы Комитетіне Қазақстан бойынша жіберген мәлімдемесімен бірге қарау керек (EUR 57/002/2014),<sup>10</sup> әрі қарай Amnesty International 2014 ж. АҚК Мәлімдемесі деп аталады. Бұл мәлімдеме қазақстандық заң құжаттарында азаптау ұғымы, дәлел не «мойындау» үшін азаптау және басқа да қатыгездікпен қарауды қолдану туралы маңызды ақпарат береді. Amnesty International 2014 ж. Мәлімдемесінде нақтылау көрсетілгендей, Қылмыстық кодексіндегі азаптау ұғымы Азаптауға қарсы Конвенциядағы ұғымға қарағанда, қатыгез, адамшылыққа жатпайтын және қадір-қасиетті қорлайтын басқа түрлерін де қамтиды.

---

<sup>9</sup> БҰҰ Азаптауға қарсы Комитеті (БҰҰ АҚК), “Қазақстанның үшінші мерзімдік баяндамасы бойынша қорытынды ескертулер”, CAT/C/KAZ/CO/3, Женева, 2014 ж. 12 желтоқсан (БҰҰ АҚК), “Қазақстанның үшінші мерзімдік баяндамасы бойынша қорытынды ескертулер”, 2014 ж.).

<sup>10</sup> Amnesty International, *Қазақстан бойынша БҰҰ Азаптауға қарсы Комитетіне баяндамасы: БҰҰ Азаптауға қарсы Комитетінің 53-Сессиясы (2014 ж. 3-28 қараша)* (Индекс: EUR 57/002/2014), <https://www.amnesty.org/en/documents/eur57/002/2014/en/> (2015 ж. 21 қыркүйекте қаралды) (Amnesty International, *Қазақстан бойынша БҰҰ Азаптауға қарсы Комитетіне мәлімдемесі*, 2014 ж.).



# ЗАҢ ШЕҢБЕРЛЕРІ

“Бәрі де бар – заң бар. Шын мәнінде, бізге қызметтердің ашықтығы, олардың жұмысы қоғаммен бақылануы керек”.

Адвокат Олег Матвеев, 2014 ж. мамырда Amnesty International берген сұхбатында

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮЛГІЛЕР

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакті мен Азаптауға қарсы Конвенцияға қол қоюшы мемлекет ретінде Қазақстан азаматтарды азаптаудан немесе қатыгез, адамшылыққа жатпайтын және қорлайтын қарау не жазалау түрлерінен қорғау (АСҚХП 7-бап), азаптаудың алдын алу (АСҚХП 2-бап) және азаптау әрекеттерінің бәрін қылмыс ретінде заңда бекіту (АСҚХП 4-бап) міндетіне ие. Жоғарыда айтылған Amnesty International 2014 ж. Мәлімдемесінде Қазақстанның Қылмыстық кодексінде нақтылау көрсетілгендей, Қазақстан биліктері осы міндеттемелер мен халықаралық құқыққа сәйкес азаптау және басқа да қатыгездікпен қарау түрлерін қолдану әр оқиғасын нәтижелі тергеп, айыптыларды жауапқа тарту тиіс, сонымен бірге құрбандарға тиісті өтемақыны амтамасыз ету бойынша міндеттемелерін орындау тиіс.

Зиянды өтеу осы құқық бірнеше адам құқықтары бойынша құжаттарда бекітілген, оның ішінде Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясында (8-бап). АСҚХП 3 (а)-бабында мемлекеттер «[т] осы бапта мойындалатын құқықтары мен бостандықтары бұзылған кез келген тұлға сол бұзушылық ресми лауазмды тұлғалармен жасалғанның өзінде нәтижелі құқықтық қорғауға ие болуға құқылы екеніне кепіл беруі тиіс».

Азаптауға қарсы Конвенцияның 12-бабында "әрбір қатысушы мемлекет өзінің юрисдикциясына жататын кез келген аумақта азаптау қолданды деген жеткілікті негіз бар болған жағдайда құзыретті органдары жедел және бейтарапты тергеу жүргізуін қамтамасыз етеді" деп бекітілген. 13-бап қатысушы мемлекеттерді "оның юрисдикциясындағы кез келген аумақта азаптауға тап болған деп сенімді айтатын кез келген тұлғаның шағым беріп, оның құзыретті органдарда жедел және бейтарапты қаралуын қамтамасыз ету тиіс. Арызданушы мен куәлар қатыгездікпен қараудан және қорқытудан қорғалғанын қамтамасыз ету үшін қадамдар жасалуы тиіс." 22-бапқа сәйкес, АҚК сонымен бірге өзі қарайтын жеке шағымдарды беру тетігін көздейді. Бұл тетік «...осы Конвенцияны бұзу салдарынан құрбандар мен олардың өкілдері мемлекет ішіндегі барлық нәтижелі құқықтық қорғау құралдарын пайдаланса немесе осы құралдардың қолданылуы негізсіз созылса әлде қайсыбір пайда әкелмесе" Комитетке шағым беруге құқық береді.<sup>11</sup>

---

<sup>11</sup> Азаптауға қарсы Конвенция, 22-б., 4(b)-т. АҚЖКБ, «Азаптауға қарсы Комитетінен» No.17 Фактілер

Құқықтық қорғауға және адам құқықтары бұзылғанда (оның ішінде азаптау және басқа да қатыгездікпен қарау түрлерінен) зиянды өтеу құқығына қатысты мемлекеттердің нақты міндеттемелері адам құқықтары саласындағы заң құжаттарына сәйкес 2005 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының «Адам құқықтары саласындағы нормаларды дәрекі бұзу және халықаралық гуманитарлық құқықты елеулі бұзу құрбандарының құқықтық қорғау және зиянды өтеу құқығы туралы негізгі басшылыққа алынатын ұстамдар» 60/147-резолюциясымен белгіленген.<sup>12</sup> Осы ұстамдарға сәйкес, мемлекеттер мынадай міндеттерге ие:

- Әділ, нәтижелі және құзыретті әділсотты қамтамасыз ететін тиісті заң құжаттарын қабылдау және әкімшілік рәсімдерін енгізу;<sup>13</sup>
- Адам құқықтары бұзушылықтарын нәтижелі, дер кезінде және бейтарапты тергеу;<sup>14</sup>
- Адам құқықтарын бұзды деген күдік тұғызған тұлғаларды жауапқа тарту және кінәлі болып табылған жағдайда жазалау;<sup>15</sup>
- Құрбандардың қадір-қасиетін сақтау және оларға адамшылықпен қарау;<sup>16</sup> және
- Әділсотқа тең және нижелі қол жеткізу және бұзушылықтар мен зиянды өтеу тетіктері туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету.<sup>17</sup>

Стамбул Хаттамасы деп аталатын БҰҰ азаптау және басқа да қатыгез немесе қорлайтын қарау мен жазалау әрекеттерін нәтижелі тергеу және рәсімдеу бойынша нұсқаулығы азаптау және басқа да қатыгездікпен қарау оқиғалары туралы хабарламаларды шағымдардың жоқ болғанның өзінде жедел қарау туралы шарттары мен кеңестерін бекітті.<sup>18</sup> Бұл «тергеушілер

---

жинағын қараңыз, АҚЖКБ, Женева, <http://www.ohchr.org/Documents/Publications/FactSheet17en.pdf> (2015 ж. 1 шілдеде қаралды). Жалпы Азаптауға қарсы Комитетіне 2008 ж. ақпаннан бастап, Қазақстанға қарсы азаптау туралы алты шағым түсті, оның ішінде осы баяндамада келтірілген бір іс бойынша (Олег Евлоев). Сонымен бірге, бұл шағымдардың ішінде азаптау және қатыгездікпен қарау қауіпі бар үшінші елдерге экстрадициялауға қарсы екі шағым бар. <http://www.ohchr.org/EN/HRBodies/CAT/Pages/Jurisprudence.aspx> (2015 ж. 1 шілдеде қаралды). Осыған қоса, Қазақстанға қарсы азаптау туралы екі шағым 2009 ж. қыркүйектен бастап, БҰҰ Адам құқықтары Комитетіне түсті (оның ішінде осы баяндамада келтірілген Дмитрий Ракишев ісі) (<http://www.ohchr.org/EN/HRBodies/CCPR/Pages/Jurisprudence.aspx>, 2015 ж. 24 қыркүйекте қаралды).

<sup>12</sup> БҰҰ Бас Ассамблеяның резолюциясы, «Адам құқықтары саласындағы нормаларды дәрекі бұзу және халықаралық гуманитарлық құқықты елеулі бұзу құрбандарының құқықтық қорғау және зиянды өтеу құқығы туралы негізгі басшылыққа алатын ұстамдар», A/RES/60/147, Нью-Йорк, 2005 ж. 16 желтоқсанда қабылданған.

<sup>13</sup> A/RES/60/147 қосымшасы, 2(b)-т.

<sup>14</sup> A/RES/60/147 қосымшасы, 3(b)-т.

<sup>15</sup> A/RES/60/147 қосымшасы, 4-т.

<sup>16</sup> A/RES/60/147 қосымшасы, 10-т.

<sup>17</sup> A/RES/60/147 қосымшасы, 11(a)(c)-т.

<sup>18</sup> Стамбул Хаттамасына қоса Адам құқықтары бойынша Еуропа Соты да полиция қызметкерлерінің әрекеттері салдарынан полиция учаскелерінде өлім не ауыр жарақат алу істері бойынша полицияға қарсы шағымдар бойынша нұсқаулық шығарды. Нұсқаулық нәтижелі тергеудің бес ұстамын белгілейді: тәуелсіздік (тергеуші мен шағымтүскен офицердің арасында институционалдық немесе иерархиялық байланыс жоқ болуы тиіс, ал тәуелсіздік іс жүзінде болуы тиіс); қабілетті (тергеуші шағымтүскен полиция қызметкерлерінің әрекеттері заңсыз екенін анықтау үшін дәлелдерді жинауға, айыптыларды анықтап, жазалауға қабілетті болуы тиіс); жедел (тергеуші заң басымылығына сенім арттыру үшін жедел де шұғыл түрде жүргізілуі тиіс); қоғамдық бақылау (шешім қабылдау рәсімдері жауаптылықты қамтамасыз ету үшін ашық және анық болуы тиіс); және құрбандарды тарту (арызданушы шағым қарау процесіне өз заңды мүдделерін қорғау мақсатында қатысуы тиіс). (Еуропа Кеңесі, “Адам құқықтары бойынша Комиссарының полицияға қарсы шағымдарды тәуелсіз және нәтижелі қарау туралы пікірі”, CommDH (2009)4, Еуропа Кеңесі, Страсбург, 2009, 3-б.). Қазақстан Еуропа Кеңесінің мүшесі болмағандықтан (және сәйкесінше, Адам құқықтары бойынша Еуропа Сотына жатпайтын болғандықтан),

болжамды айыпталушылар мен олар жұмыс істейтін орындарынан тәуелсіз және лауазымды, бейтарапты болу тиіс екенін аңғартады. Олар бейтарапты зерттеулер өткізу үшін дәрігерлер мен басқа сарапшыларды шақыруға құқылы және қол жеткізе алатындай болуы тиіс. Осы зерттеулерді өткізу тәсілдері ең жоғары кәсіби деңгейде болып, олардың нәтижелері жариялы болуы тиіс.<sup>19</sup> Хаттама тергеу қызметкерлері жеткілікті қаржы мен техникалық ресурстармен қамтамасыз етілуін ұсынады, сонымен бірге, олар жауап алу үшін лауазымды тұлғаларды және куәларды шақыруға құқылы болуы тиіс. Хаттамада азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарау құрбандары және олардың отбасылары кез келген тергеуге қол жеткізіп, іс барысы туралы толық ақпаратқа ие болуы тиіс деп айтылады, азаптау және қатыгез әрекеттердің болжамды құрбандары және олардың отбасы мүшелері қорғалып, тергеумен ынтымақтасқандары үшін куәлардан не басқа тұлғалар тарапынан репрессияға ұшырамайтындары қамтамасыз етілуі тиіс.

Хаттамада азаптауға қатысы бар деген күдік туғызатын полиция қызметкерлерді тергеуге қатыстырмау тиіс деп атап көрсетіледі: "Азаптауға не қатыгез әрекеттерге қатысы бар болуы мүмкін тұлғалар талапкерлер, куәлар мен олардың отбасыларынан, тергеу жүргізетін тұлғаларға қайсыбір бақылау немесе тікелей әлде жанама билік жүргізу мүмкіндігінен айырылуы тиіс". Азаптау немесе қатыгез әрекеттерге қатысы бар деген күдік туғызған мемлекеттік қызметкерлер тергеу барысында лауазымынан босатылуы тиіс.<sup>20</sup> Осы баяндамадағы нақты оқиғаларда көрсетілетіндей, Стамбул хаттамасына енгізілген кеңестер қазіргі уақытта Қазақстанда тұрақты түрде жүзеге асырудан әлдеқайда алыс.<sup>21</sup>

## ҰЛТТЫҚ ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫ МЕН ИНСТИТУТТАР

Соңғы жылдары Қазақстан азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттерін жазалау мәселесін шешу үшін жағымды заң өзгертулерін қабылдады.<sup>22</sup> Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-б. Азаптау және басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне анық тыйым салады, 2011 жылы азаптау Конституцияға қарсы қылмыс болып қаралады: Қылмыстық кодексінің азаптауға тыйым салатын 141.1-б. Іс жүргізу бзушылықтарын көздейтін «Әділсот және жазаны орындау тәртібін бұзу» тарауынан «Адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар» атты тарауына көшірілген.<sup>23</sup> Сол уақытта бұл бап азаптау үшін қылмыстық жауапкершілігі тергеуге қатысатын немесе ресми қызметкердің рұқсатынан қылмыс жасайтын тұлғаларды қосып, кеңейтілген.<sup>24</sup> Және де, 2011 ж. Арнайы прокурорлық бөлімдер (АПБ) құзыреті<sup>25</sup> кеңейтіліп,

---

осы ұстамдар бәрі бірі хальқаралық үлгілерге сәйкес келеді және қазақстандық биліктермен азаптауға қатысты шағымдарды тергеу бойынша басшылыққа алынатын ұстамдар ретінде қабылданып, орнықты негіз бола алады.

<sup>19</sup> АҚЖКБ, *Стамбул хаттамасы: Азаптау және басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын не қорлайтын іс-әрекеттер және жазалау түрлерін нәтижелі тергеу және құжаттау бойынша оқулық*, Кәсіби жаттығу сериясы No. 8/Rev.1, АҚЖКБ, Женева, 1999 ж., 2004 ж. қайта қаралды, 1-қосымша, 59-б. (АҚЖКБ, *Стамбул Хаттамасы*).

<sup>20</sup> АҚЖКБ, *Стамбул Хаттамасы*, 1-қосымша, 59-б.

<sup>21</sup> БҰҰ, *Азаптау мәселелері бойынша Арнайы Баяндаушының баяндамасы, Комиссияның 2002/3-резолюциясына сәйкес берілді*, E/CN.4/2003/68, БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, 2002,26(к)-т.

<sup>22</sup> Қазақстан заң құжаттарындағы азаптау ұғымы жайлы және Қылмыстық іс жүргізу кодексіндегі нормалар туралы *Amnesty International, БҰҰ Азаптауға қарсы Комитетіне Қазақстанның баяндамасын қараңыз*, 2014 ж.

<sup>23</sup> Жаңа Қылмыстық кодексінде ол 146-б. бекітілген.

<sup>24</sup> Бірақ, «ресми құзыретте әрекет жасайтын барлық тұлғалар» деген сөздер енгізілген жоқ, бұл басқа

оларға азаптауға қатысты барлық тергеуді өз қолдарына берген.

Бірақ, сол жылы Президент артқа қарай шегерім жасап, пенитенциарлық жүйені Әділет министрлігінен Ішкі істер министрлігіне (ІІМ) қайтару туралы үкімге қол қойды. Бұл жүйе қазір де соның қарамағында.<sup>26</sup> Қазақстан биліктері Әділет министрлігінің қарамағында 2005 ж.-2011 ж. аралығында болған кейбір қамауда ұстау орындарында қоғамдық бақылау жүргізуге рұқсат берген, бірақ ІІМ полиция учаскелері мен басқа да қамауда ұстау орындары тәуелсіз бақылаушылар үшін жабық болды. Түрме жүйесіне қол жеткізу ІІМ-не бергелі күрделі мәселеге айналды. Азаптауды қолдану туралы шағымдардың көпшілігі осы мекемелерден түсті.

2012 ж. Бас прокурор Асқат Дауылбаев прокурорларға «әр азаптау оқиғасы бойынша қылмыстық тергеу ашу керек» және полиция тергеуін бақылағандарына қарамастан, әр азаптау туралы шағымға тікелей араласу немесе оны өз тарапынан жүргізу керек деп нұсқау берді. Сол жылы прокурорлардың ішкі бұйрықтары АПБ-не азаптау қылмыстарын тікелей тергеуге рұқсат берді, ал жалпы алғанда, прокурорлардың тергеу жүргізу құзыреті жоқ.<sup>27</sup>

2014 ж. Қазақстан жаңа Қылмыстық кодекс<sup>28</sup> және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерін қабылдады;<sup>29</sup> кодекстердің екеуі де 2015 ж. қаңтардан бастап, күшіне енді. Жаңа Қылмыстық кодекс жоғарыда айтылған өзгерістерді сақтап, азаптау қылмысына қатысты ескіру мерзімін жойды және осы қылмыс үшін ең жоғары жазаны 12 жылға дейін көтерді. Жаңа Қылмыстық кодекстің 78-б. сәйкес, азаптау үшін айыпталған не сотталғандар амнистияға жатпайды. Бірақ қылмыс үшін жазадан босату туралы 68-б. өзгертілген жоқ. Осы бапқа сәйкес, бірінші рет қылмыскер 146-б. (азаптау) 1 не 2-т. бойынша айыпталады, ол үшін ең үлкен жаза бес жылға дейін бас бостандығынан айыру болып табылады. Ондай жазасы бар қылмыстар ресми классификация бойынша ауыр емес болып табылады және айыпталушылар сотқа дейінгі тергеу барысында құрбанға өтемақы төлеп, бітімге келе алады, бұл қылмыстық ізге түсуін аяқтайды.

Осыған қоса, АҚК ҚХ бойынша міндеттемелеріне сәйкес, Қазақстан 2013 ж. Ұлттық алдын алу тетігін (ҰАТ) орнату үшін керекті заң құжаттарын қабылдады<sup>30</sup>. ҰАТ Омбудсменнің басқаруымен жұмыс істейді. ҰАТ мүшелері әр жыл сайын Үйлестіру кеңесімен сайланады;

---

мемлекеттік қызметкерлер, мысалы, психиатриялық мекемелерде жұмыс істейтін тазартушылар не күзетшілер істейтін азаптауды жазасыз қалдырады.

<sup>25</sup> Арнайы прокурорлар бөлімі (АПБ) бастапқыда саны аз күрделі және ерекше істермен айналысуға міндетті болатын. Ол Бас прокуратураның қарамағындағы бөлім болып табылады.

<sup>26</sup> Халықаралық түрме реформасының Аймақтық директоры Азамат Шамбиловпен сұхбат, 2015 ж. 31 тамыз.

<sup>27</sup> Бас прокурордың 2013 ж. 18 шілдедегі бұйрығы 2012 ж. 7 наурыздағы «Прокуратураның тергеуді ұйымдастыруы» туралы бұйрығын өзгертті.

<sup>28</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 ж. шілде, № 226-V-зағы (әрі қарай 'жаңа Қылмыстық кодекс' деп аталады).

<sup>29</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 2014 ж. 4 шілде, № 231-V-заңы (әрі қарай 'жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексі' деп аталады).

<sup>30</sup> Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 2 шілдедегі № 111-V Заңы.

Үйлестіру кеңес мүшелері Омбудсменмен сайланады.<sup>31</sup>

Қазақстан биліктері азаптау және басқа да қатыгездікпен қарау туралы шағымдарды толығымен тергеп, оны жою бойынша халықаралық міндеттемелерін сақтауға және орындауға ниетін көп рет растады. Қазақстандағы адам құқықтарының жағдайы бірінші рет БҰҰ Жалпы мерзімдік шолу (ЖМШ) 2010 ж. басында бағаланған болатын. Онда мемлекет делегациясы өзінің сөзінде қазақстандық биліктер азаптау мәселесі бойынша еш төзімділік сақтамай, «азаптау толығымен жойылмағанынша шаршамай жұмыс істейтінін» қайтадан сенімді айтты.<sup>32</sup> Қазақстанның екінші ЖМШ барысында 2014 ж. ресми мемлекеттік делегация "азаптауға қатысты қылмыстардың бәрін жою жұмысы тұрақты жүргізіледі" деп мәлімдеді.<sup>33</sup>

Өкінішке орай, бұл батыл уәделер іс жүзінде орындалмады. Заң жүзінде азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарау түрлерінен қорғау кепілдері және шағымдарды қарау рәсімдері бар болғанымен, азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды тергеу жағдайы халықаралық үлгілерде бекітілген жедел, нақты да бейтарапты тексеруден және құрбандарға әділсөзге қол жеткізу, өтемақыларын қамтамасыз етуден әлі алыс. Полиция және қауіпсіздік қызметтері тарапынан адам құқықтарын бұзушылықтарды, оның ішінде азаптау басқа да қатыгез әрекеттерді жазасыз қалдыру жалғасуда. 2014 жылғы қарашада БҰҰ Азаптауға қарсы Комитеті (АҚК) «азаптаудан қорғау жөніндегі заң құжаттары мен тәжірибенің арасындағы сәйкессіздікке» алаңдаушылығын білдіріп, азаптау және басқа да қатыгез әрекеттерін қолдану «жеке оқиғалар шегінен асып кетті» деп атап көрсетті.<sup>34</sup>

---

<sup>31</sup> Омбудсмен Қазақстан Президентімен тағайындалады.

<sup>32</sup> БҰҰ Адам құқықтары бойынша Кеңесі, Жалпы мерзімдік шолу, "Жалпы мерзімдік шолу – Қазақстан бойынша Жұмыс тобының баяндамасы", A/HRC/14/10, Женева, 2010 ж. наурыз.

<sup>33</sup> БҰҰ Адам құқықтары бойынша Кеңесі, Жалпы мерзімдік шолу, "Адам құқықтары бойынша Кеңесінің 16/21 – Қазақстан резолюциясы қосымшасының 5-т. сәйкес тапсырылған Ұлттық баяндама, A/HRC/WG.6/20/KAZ/1, Женева, 2014 ж. қазан.

<sup>34</sup> БҰҰ Азаптауға қарсы Комитеті, "Азаптауға қарсы Комитет Қазақстанның баяндамасын қабылдады", 2014 ж. 18 қараша, <http://www.ohchr.org/en/NewsEvents/Pages/DisplayNews.aspx?NewsID=15309&LangID=E#sthash.TzD4M9r4.dpuf> (2015 ж. 29 шілдеде қаралды).

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАПТАУ МЕН БАСҚА ДА ҚАТЫГЕЗ ІС- ӘРЕКЕТТЕРДІ ТЕРГЕУ РӘСІМДЕРІ

## ШАҒЫМ БЕРУ

Ескі де, жаңа да Қылмыстық кодекстеріне сәйкес, азаптау қылмыс болып табылады<sup>35</sup> және ол туралы құқық қорғау қызметтеріне хабарлау тиіс (полиция, қаржы полициясы,<sup>36</sup> Ұлттық қауіпсіздік Комитеті немесе прокуратураға). Бұл барлық құрбандарға – сотталып, бас бостандығынан айырылғандар, жабық мекемеде (мысалы, психиатриялық аураханда), сот алдында қамауда ұсталатындар немесе бостандықта жүргендерге де қатысты.

Дегенмен, жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексі әлі де қылмыстық істің қатысушысы болып табылып, қамау не алдын ала тергеу барысында азаптауға немесе басқа да қатыгез іс-әрекеттерге ұшыраған адам прокурорға немесе судьяға қылмыс жасауға қатысқан полиция не басқа да кез келген құқық қорғау органдарының қызметкеріне қарсы іс жүргізу бұзушылығы туралы шағым бере алады. Іс жүзінде сезіктілер, куәлар және сотталушылар сирек жағдайда ғана азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы хабарлау құқығы туралы біледі (егер олар адвокатпен не осы ақпаратты беретін үкіметтік емес ұйымдармен тығыз байланыста болмаса). Оның орнына, оларға әдеттегідей, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 105-б. сәйкес іс жүргізуін бұзу туралы шағым беру туралы жай ғана айтылады.<sup>37</sup> Осы бап (бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 108-бабы) ұстау, тінту, алу және басқа да сотқа дейінгі әрекеттер бойынша «сотқа дейінгі тергеу жүргізетін тұлғаларға не шешімдеріне» шағымдарды қарау тәртібін реттейді, оның ішінде «заң бұзушылығы» деп аталатын азаптауға да (және де, «зорлық-зомбылық» пен «қорқыту» және «қорғалу құқығын бұзуға») да қатысты.

Түрмелер мен басқа да жабық мекемелер (мысалы, психиатриялық мекемелер, кәмелетке толмағандарды қамауда ұстау орталықтары) жеке заңдармен реттеледі, осындай

<sup>35</sup> Жоғарыдағы «Әдістеме» бөлімінде айтылғандай, Қылмыстық кодексіндегі азаптау ұғымы тым кең болып, Азаптауға қарсы Конвенцияға қарағанда, қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе қорлайтын іс-әрекеттерді қамтымайды.

<sup>36</sup> Қаржы полициясы қазір Мемлекеттік қызмет мәселелері және жемқорлыққа қарсы Агенттігі болып аталады.

<sup>37</sup> Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 105-б. (бұрынғы ҚК-ң 108-б.) «сотқа дейінгі тергеу жүргізетін тұлғалардың әрекеттері мен шешімдеріне» шағымдарды қарау тәртібін реттейді. Онда азаптау қамау, тінту, алу және басқа да тергеу әрекеттері кезінде болатын «заң бұзушылықтардың» бірі ретінде айтылады, мысалы, «зорлық-зомбылық», «қорқыту» және «қорғалу құқығын бұзу». Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінде осы іс жүргізу бұзушылықтары прокурордың тексеруін талап етеді, ол арвданушыға жауап жібергенше, үшкүннің ішінде жасалуы тиіс. Сальстърма үшін жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, қылмыс туралы хабарламалар алдын ала ескерісті талап етпейді және дереу тіркелгеннен кейін тергелуі тиіс.

мекемелерде ұсталатындар азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттерге ұшыраған жағдайда басқалардай, азаптауға қылмыс ретінде тікелей прокуратураға шағымдану құқығы бар болса да, әдеттегідей, бұзушылық туралы ішкі шағымдану мүмкіндіктерін пайдалана алатындары хабарландырылады.

Қылмыс туралы, оның ішінде азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағым беруі Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (181-б.) нақты бекітілгеніне қарамастан, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің немесе түрмелер әлде басқа жабық мекемелер қызметкерлерінің бұзушылықтары туралы шағым беру ішкі рәсімдер мен ішкі ережелермен реттеледі және жәбірленушілер мен олардың қорғаушыларының қатысуына аз мүмкіндік береді. Мысалы, ішкі рәсімдер бойынша шағым жасалғанда, арызданушы не оның заңды өкілінің тексерісте ресми мәртебесі жоқ болады және қосымша дәлелдер туралы, күәлардан жауап алу туралы өтініш бере алмайды. Осыдан басқа, ішкі тексеру рәсімі жариялы емес, бірақ прокурорлар оған қол жеткізіп, бақылауды қамтамасыз ете алады.

## АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ

Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексі 2015 ж. қаңтарда күшіне енгенге дейін қылмыс туралы барлық арыздар тергеу қозғалғанға дейін қылмыс элементтерін, оның ішінде оның шынайы іс жүзінде орын алғанын алдын ала тергеуден өту керек болатын. Азаптау не басқа да қатыгез іс-әрекеттер жасалған жағдайда алдын ала тергеу жұмысы ресми түрде прокурормен бақыланғанымен, оны сол азаптауға қатысты қызметкерлер жұмыс істейтін мекеменің ішкі бөлімдері қарайды. Бұл азаптаудың жазасыз қалуына бір себеп болуда.

Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, енді қылмыстық іс қозғалғанға дейін алдын ала тергеу жүргізілмейді (35-б.). Кодексте қылмыс туралы (кез келген қылмыс, оның ішінде азаптау туралы) арыз тіркелген уақыттан бастап тергеу жүргізілетіні айтылған,<sup>38</sup> бұл іс «қосымша дәлелдер алу барлық мүмкіндіктер пайдаланған» жағдайда тергеу органы қылмыстың болғанын анықтай алмаса, жабылады.<sup>39</sup> Сонымен, жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, егер құқық қорғау органына азаптау не басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағым түссе, онда қылмыстық іс дереу қозғалуы тиіс.

Егер қылмыстық істің қатысушысы болып табылатын тұлға азаптауды қылмыс ретінде емес, жоғарыда айтылған «іс жүргізу бұзушылық» деп шағым берсе, онда жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша шағым үш күннің ішінде «прокурорлық тексерістен» өтіп, содан кейін шағымға қайсыбір жауап беру немесе оған қатысты шара қолдану туралы шешім қабылданады.<sup>40</sup> Осы прокурорлық тексеріс біткеннен кейін прокурор шағым бойынша азаптау туралы қылмыстық іс қозғау немесе оны «билікті асыра қолдану» (жаңа Қылмыстық кодексінің 362-б.) деп тану туралы немесе оны негізсіз деп тауып, кері жауап қайтару туралы шешім қабылдайды. Тиісінше, осындай жағдайларда азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдар бойынша алдын ала тергеу пайда болады.<sup>41</sup> Шын мәнінде, бұл жүйедегі кетік прокурорларға шағымға кері жауап қайтарып, тергеуді бастапқыдан жабуға мүмкіндік береді.

<sup>38</sup> Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 34-б.

<sup>39</sup> Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 35-б., 2-т.

<sup>40</sup> Бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 108-б. сәйкес, прокурор азаптау туралы шағымды 5 күнде қарап, басқа шағымдарды 7 күннің ішінде қарауы тиіс.

<sup>41</sup> Осы жағдай Қылмыстық атқару кодексі бойынша азаптау не басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағым беретін сотталғандарға да қатысты.

Азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдарды қарауға біркелкі көзқарастың жоқтығы әлі де түзетілген жоқ, сондықтан қылмыстық істер бойынша сезіктілерге азаптауға қылмыс ретінде шағымдану құқығын айтпай, ондай шағымды «іс жүргізу» бұзушылығы ретінде ғана қарау жазасыздық пен әділсіздікке жол ашады. Оның орнына прокурор «іс жүргізу» бұзушылығы туралы шағым алғанда, азаптау не басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымды дереу қылмыс ретінде қарауы тиіс.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРГЕУ

БҰҰ Азаптау мәселелері бойынша Арнайы баяндаушының 2009 ж. Қазақстанға сапарынан кейінгі кеңестерге берген жауабында Қазақстан үкіметі «азаптау туралы тергеулер болжамды құрбанға қарсы іс жүргізетін органнан тәуелсіз органмен жүргізілетінін» ұстанатындығын көрсетті.<sup>42</sup> 2011 ж. Қылмыстық іс жүргізу кодексіне қылмыстық полицияға қарсы берген шағымды қаржы полициясы<sup>43</sup> қарау тиіс және керісінше, жалпы прокурордың бақылауымен жүргізілуі тиіс деген өзгертулер енгізілген.<sup>44</sup> Осы жалпы үлгі азаптау мен қатыгез іс-әрекеттерге ғана емес, барлық қылмыстық тергеулерге де қолданылады: тергеу органы бейтарапты болып, айыпталушы жақпен ешқандай мүдделер қайшылығы болмауы тиіс. Осы кепіл прокурордың азаптау немесе қатыгез іс-әрекеттер туралы шағым бойынша (іс жүргізу «бұзушылық» туралы шағым алғаннан кейін) қылмыстық іс қозғалғанына немесе шағым тікелей құқық қорғау органдарына берілгеннен кейін қозғалғанына қарамастан, қолданылуы тиіс. Өкінішке орай, бұл қылмыстық іс қозғалғаннан кейін ғана жүзеге асады, ал «іс жүргізу бұзушылық» туралы шағымдар бойынша «прокурорлық бақылау» әлі де сақталуда. Ондай жағдайда прокурордың басқа ведомствода шағым бойынша тергеу бастау туралы ешқандай міндеті жоқ. АПБ қатысқанда, олар өздері тергеу жүргізуге құқылы. Бұл полиция бұзушылықтарын тергеуде бейтараптылық пен нәтижелікке қол жеткізуге мүмкіндік береді, бірақ төменде айтылатындай, бұл құзырет тұрақты қолданылмайды.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАУДАН БАС ТАРТУҒА ШАҒЫМДАНУ

Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінде де, ескі кодексте де арызданушы прокурордан азаптау туралы шағым бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы хабарлама алғанда, ол прокурордың (Бас прокуратура басқармасының, облыстық прокурордың) қылмыстық іске бақылау жүргізу үшін орган ретіндегі шешіміне шағымдануға құқылы. Сонымен бірге, арызданушы ол шешімге сотқа да шағымдана алады.

---

<sup>42</sup> БҰҰ Адам құқықтары бойынша Кеңесі, “Азаптау және басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау мәселелері бойынша Арнайы баяндаушының баяндамасы, Манфред Новак. Қазақстанға жасалған миссиясы”, A/HRC/13/39/Add.3, Женева, 2009, п.6. [http://www2.ohchr.org/english/bodies/hrcouncil/docs/13specialsession/A.HRC.13.39.Add.3\\_en.pdf](http://www2.ohchr.org/english/bodies/hrcouncil/docs/13specialsession/A.HRC.13.39.Add.3_en.pdf) бойынша қарауға болады (2015 ж. 1 шілдеде қаралды).

<sup>43</sup> Қаржы полициясы азаптауға қатысты шағымдар бойынша тергеу жүргізуге құзыретті, өйткені азаптау қаржы полициясы қарайтын лауазымдық қылмыстарға жатады.

<sup>44</sup> Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 187-б. (бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 192-б.).



# АЗАПТАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫГЕЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ТЕРГЕУ МЕН ЖАЗАЛАУДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕР

Қазақстанның азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясы 2013 ж. және 2014 ж. азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарау түрлері туралы 350 және 400 шағым тіркеді.<sup>45</sup> Тәуелсіз ҮЕҰ алатын шағымдардың бәрі бірдей құқық қорғау органдарында тіркелмейді, нәтижесінде олардың тек аз саны ғана соттық жазалауға дейін жетеді. Азаптауға қарсы Комитеті Қазақстан бойынша 2014 ж. Қорытынды кеңестерінде “мемлекет қабылдаған азаптау туралы шағымдардың 2 пайыздан кем бөлігі ғана жазалаумен аяқталды” деп атап көрсетті.<sup>46</sup>

Бас прокуратураның ресми вебсайтындағы статистикасы да тіркелген қылмыстар мен үкімдердің төмен санын көрсетеді: 2013 ж. және 2014 ж. бірінші жартысында 31 полиция офицерлері азаптауға қатысты қылмыстар (оның ішінде бұрынғы жылдары жасалған қылмыстар) бойынша сотталған болатын. 2014 ж. қаңтар мен қыркүйек айларының ішінде азаптауға қатысты 43 қылмыс тіркелген (бірақ, қанша қылмыстық іс қозғалғаны белгісіз), 47 адам жәбірленуші болып мойындалды, оның ішінде 11 бас бостандығынан айырылған, үш кәмелетке толмаған студенттер мен бір кәрі кісі.

Сол мерзімнің ішінде азаптауға қатысты 17 іс сотқа жіберіліп, 30 іс қылмыстың дәлелі жоқ болғандықтан жабылды.<sup>47</sup> 2015 ж. бірінші жеті айында 94 азаптауға қатысты қылмыстық іс тіркелді, азаптауға қатысты 291 қылмыстық іс аяқталды (істер қашан қозғалғаны белгісіз).<sup>48</sup> 10 іс сотқа дейін жетіп, 5 адам азаптауға кінәлі деп табылды, олардың біреуі екі жылға бас бостандығынан айырылды.<sup>49</sup>

Бірақ, осы сандар Қазақстандағы азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер жағдайын шынайы көрсетпейді, өйткені көптеген істер азаптау емес, «билікті асыра қолдану» (жаңа Қылмыстық кодекстің 362-б.) бойынша істері ретінде қаралуда.<sup>50</sup> «Билікті асыра не кері

---

<sup>45</sup> Қазақстанның азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясы, *Халықаралық адвокация шеңберінде Еуропа Одағы өкілдерімен кездесу, 2015 ж. 18 мамыр.*

<sup>46</sup> БҰҰ АҚК, “Қорытынды тұжырымдар”, 2014, 3-б.

<sup>47</sup> Бас прокуратураның ресми сайты, статистика, <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat> бойынша қарауға болады (2015 ж. 29 шілдеде қаралды).

<sup>48</sup> Қазақстанның азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясы жазбаша сұрауы бойынша Бас прокуратураның берген статистикасы.

<sup>49</sup> Айыптаумен аяқталған басқа төрт істер бойынша ешкім бас бостандығынан айырылған жоқ; екі құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің бас бостандығы шектелді, ал қалған екеуі шарттық жаза мерзімдеріне сотталды.

<sup>50</sup> Amnesty International Қылмыстық кодекстің осы бап бойынша жазалау сандарын ала алған жоқ.

қолдану» қылмысы құқық қорғау қызметкерлері ғана емес, кез келген мемлекеттік лауазымды тұлға жасайтын қатыгез іс-әрекеттерді қамтиды.<sup>51</sup> Сонымен, осы бапты қылмыстың шынайы сипатын және азаптау мен қатыгез іс-әрекеттерді Қазақстандағы қылмыстық әділсот жүйесінде пайдалану деңгейін жасыру үшін пайдаланады.

## АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДЕН KEЙІН ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУДАН БАС ТАРТУ

Бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, өткізілген алдын ала тергеулердің басым көпшілігінде қылмыскерді анықтауға мүмкін емес деген тұжырымға келді. Мысалы, Жаңаөзендегі қанды қақтығысқа қатысқандары үшін айыпталған 37 адамның ісінде (толығырақ мәлімет үшін 15-б. қараңыз) алдын ала тергеуден кейін Ішкі істер министрлігінің (ІІМ) Ішкі қауіпсіздік Департаменті оларға қолданған азаптау туралы шағымдардың бәрін негізсіз деп тапты. Азаптау құрбандарының адвокаттары берген алдын ала тергеу туралы ақпаратты беру өтініштеріне қарамастан, тергеудің ешқандай нақтылықтары жарияланған жоқ. ІІМ Ішкі қауіпсіздік Департаменті болжамды қылмыскерлерге қарсы дәлелдердің жоқтығы туралы ғана жалпы жауап қайтарды.

Одним Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексі күшіне енгенге дейін алдын ала тергеудің басты кемшіліктерінің бірі оған не кіреді және оны кім жүргізу керек екендігінің анықсыздығы. Бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне 2011 ж. жасалған өзгертулер қылмыстық полицияға қарсы берген шағымды қаржы полициясы қарау тиіс және керісінше жағдайды көздеген, бірақ бұл өзгеріс ресми қылмыстық іс қозғалғанда ғана қолданылатын. Бұл қызметкерлері қатыгез іс-әрекеттерді жасады деп айыпталған ведомствоның өзі ішкі қауіпсіздік бөлімімен азаптауға қатысты істі жүргізетінін аңғартқан. Сонымен бірге, бұл тергеудің бейтараптылығына кедергі жасап, тергеушілер әдеттегідей, шағымдарды дұрыс қарамағанын аңғартады. Аймақтық ішкі қауіпсіздік департаменттері тергеу жүргізу бойынша кең және анықсыз құзыретке ие, солардың бірі құқық қорғау қызметкерлерінің бұзушылықтарын, оның ішінде азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдарды қарау болып табылады.<sup>52</sup> Сондай шағымдарды берген тұлғалар мен олардың өкілдерінде сондай ішкі тексеруге байланысты ешқандай құқықтық мәртебесі жоқ, сондықтан олар дәлел сынып, тергеуге қатысты құжаттарға қол жеткізе алмайды.<sup>53</sup>

Ішкі қауіпсіздік департаменттерінің қызметі ашық жарияланбаған ішкі бұйрықтар мен нұсқаулармен реттелген. 2008 ж. адам құқықтарын қорғайтын YEҰ-р Азаптауға қарсы Комитетіне жіберген баяндамасында "...осы құрылымды (Ішкі қауіпсіздік департаменттерін) реттейтін заң құжаттарымен танысу мүмкін емес болды. (Ішкі істер министрлігінің) Алматы облысы Ішкі қауіпсіздік департаментінің өкілі құжат құпиялы екенін айтты".<sup>54</sup> Қазақстандық

<sup>51</sup> Қылмыстардың екеуінде де ең үлкен жаза мөлшері ұқсас, бірақ азаптауға қарағанда, "билікті асыра және кері қолдану" бойынша ескілігі мерзімі бар және ол үшін сотталғандар амнистияға жатқызылады. Қылмыстық кодексімдегі азаптауға қатысты бап сияқты, "билікті асыра және кері қолдану" прокурорлық растауға жатпайды.

<sup>52</sup> Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі қауіпсіздік Департаменті туралы Ереже, # 13, 2011 ж. 27 қазан.

<sup>53</sup> Қазақстанның азаптауға қарсы YEҰ Коалициясы, "Ұлттық азаматтық қоғам ұйымдары Женевада 2014 ж. 3-28 қарашадағы 53-сессияның қарауына жіберген АҚК жүзеге асыру бойынша сұрақтар тізіміне Қазақстанның жауаптары", Алматы, 2014, 18-б. (Қазақстанның азаптауға қарсы YEҰ Коалициясы, "АҚК жүзеге асыру бойынша сұрақтар тізіміне Қазақстанның жауаптары").

<sup>54</sup> Қазақстан YEҰ-ры, *Қазақстан Республикасының Азаптауға және басқа да қатыгез, адамшылыққа*

адам құқықтарымен айналысатын адвокаттар осы баяндама үшін берген сұхбаттарында азаптау мен қатыгез іс-әрекеттер орын алған құқық қорғау органдары не қауіпсіздік органдарының ішкі қауіпсіздік бөлімдері үшін арналған азаптау не қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдарды қарау бойынша ашық жарияланған құқықтық құжаттар жоқ екенін айтты.<sup>55</sup>

Осы жағдайда алдын ала тергеулер жабық болып, құрбандар істің қандай сатыда екені туралы беймәлім болғандары таң қалдырмайды. Алдын ала тергеу барысында құрбандарға тұрақты түрде ақпарат берілмеген, олар жиі жағдайда шағымдары негізсіз, азаптаудың еш сенімді дәлелі табылмаған, сондықтан қылмыстық іс қозғалмайтыны туралы ресми жауап алғанға дейін шағымдарының істе екенін білген де жоқ. Осыны Олег Евлоевтың оқиғасы анық көрсетеді. Сондай жауаптарда шағымды қарау бойынша қандай шара қолданғаны туралы нақты ақпараттың жоқтығы тергеудің немқұрайлы сипатын көрсетеді.

## ОЛЕГ ЕВЛОЕВ

Олег Евлоев 2008 ж. желтоқсаннан бастап, өзін 70 күн азаптағаны туралы шағымдана бастады. Ол азаптау туралы бірінші шағымын Астана қ. прокуратурасына 2008 ж. 10 желтоқсанында тапсырғанына қарамастан, бұл шағым 2009 ж. мамырда ғана тексерілген. Астана қ. Ішкі істер департаментінің Әшкі қауіпсіздік бөлімі шағымды екі жеті қарағаннан кейін Олег азаптаушы ретінде көрсеткен полиция қызметкерлеріне қарсы дәлелді жоқтығы негізінде қылмыстық іс қозғаудан бас тартты. Жәбірленуші тексеру процесіне қатысқан жоқ және оның неден тұратынын білген жоқ. Осыған қоса, ол шағым бойынша жауапты 2009 ж. 16 маусымда сотталғаннан кейін ғана 2009 ж. шілдеде алды. Сот барысында Олег Евлоев азаптауға ұшырағанын мәлімдеген, бірақ судья оның шағымын елеусіз қалдырды, ал Олег сот барысында шағымның қаралып жатқанын білген жоқ, сондықтан оған берген жауапқа шағымдана алмады.

Соттан кейін Олег Евлоев және оның обасы қылмыстық қозғаудан бас тартуға Ішкі істер министрлігі мен прокуратураға шағымдануға тырысты, бірақ ол нәтиже берген жоқ.<sup>56</sup> 2013 ж. желтоқсанда БҰҰ Азаптауға қарсы Комитеті осы істі қарап, Олег Евлоевқа «биліктер тарапынан тексерісті кім жүргізетін, жүргізілді мен және қандай сатыда екені туралы ешқашан хабарланған жоқ» деп тапты.<sup>57</sup>

Комитет Қазақстан Азаптауға қарсы Конвенциясы бойынша өзінің міндеттемелерін бұзды деп тапты және мемлекетті Олег Евлоевты азаптауға кінәлілерді әділсотқа жеткізу

*жатпайтын немесе қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияны орындау туралы Қазақстан ҰЕҰ-ң балама баяндамасы, 2008 ж.*

[http://www1.umn.edu/humanrts/russian/cat/Raltngoreport\\_kazakhstan.html](http://www1.umn.edu/humanrts/russian/cat/Raltngoreport_kazakhstan.html) (2015 ж. 10 желтоқсанда қаралды).

<sup>55</sup> Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы Қостанай филиалының директоры Анастасия Миллермен сұхбат, 2014 ж. мамыр.

<sup>56</sup> Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы / Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы / Ашық қоғам Қоры, *Қазақстанда азаптауды жасау және кінәлілерді жазалау жағдайы*, Алматы, 2014, 30-31-бб. (АҚЗСҚБ, *Қазақстанда азаптауды жасау және кінәлілерді жазалау жағдайы*).

<sup>57</sup> БҰҰ Азаптауға қарсы Комитет, “БҰҰ Азаптауға қарсы Комитетінің No. 441/2010-коммуникациясы. Комитет өзінің 53-сессиясында 2013 ж. 28 қазан-22 қарашада қабылдаған шешімі”, CAT/C/51/D/441/2010, Женева, 2013 ж. 17 желтоқсан, 16-б. (БҰҰ Азаптауға қарсы Комитет, “БҰҰ Азаптауға қарсы Комитетінің No. 441/2010-коммуникациясы”).

мақсатында тиісті, бейтарапты және тәуелсіз тергеу жүргізуге, шағымданушыға құқықтарын қалпына келтіріп, тиісті өтемақы мен реабилитацияны қамтамасыз етуді шақырды. Соңында Комитет болашақта осындай бұзушылықтарға жол бермеу үшін мемлекетті тиісті шара қолдануға шақырды.<sup>58</sup>

Азаптауға қарсы Комитетінің шешімінен кейін Олег Евлоев моральдық зиянды өтеу туралы сотқа жүгінді, бірақ Сары Арқа аудандық соты кері шешім шығарды.<sup>59</sup> Баяндама дайындалған кезде Олег Евлоев әлі де ешқандай өтемақы алған жоқ.

## СОТҚА ДЕЙІНГІ ҚАМАУДА ҰСТАУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ТҮРМЕЛЕРДЕ ЗАҢҒЕРЛІК КӨМЕККЕ ЖӘНЕ ШАҒЫМДАНУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛМАУ

Бірінші жинақталған баяндамасында Ұлттық алдын алу тетігі (ҰАТ) сотқа дейінгі қамауда ұстау мекемелерінде және түрмелерде ұсталатындар жиі жағдайда өз құқықтары туралы ақпарат алмайды, азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттерге қалай шағымдануға болатынын, қолдау табу үшін адам құқықтары ұйымдарымен қалай байланысуға болатынын білмейді деп атап көрсетті (сотталғандар, бас бостандығынан айырылғандар мемлекеттік тегін заң көмегін алуға құқылы емес).<sup>60</sup> ҰАТ осыны сотқа дейінгі қамауда ұстау мекемелері мен түрмелерде азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттердің алдын алудағы маңызды кедергі деп тапты.

Amnesty International 2015 ж. заңгерлер берген сұхбаттарда түрмедегі және сотқа дейін қамауда ұсталатын клиенттеріне қол жеткізу және көзбе-көз кездесіп, сөйлесу қиындықтарымен жиі кездесетіндерін айтты. Бір адвокат Amnesty International-ға түрмедегі өз клиентімен жеке кездесе алмай, түрме басшылығы оған «әйел болғандықтан», еркек клиентімен жеке кездесі «қауіпті» болады деп айтқанын баяндады. Кейін оған клиентімен кездесуге рұқсат берді, бірақ ашық терезенің жанында түрме қызметкері тұрды, сондықтан олар бір-бірімен тек жазбаша түрде қатынаса алды.<sup>61</sup> Осыған қоса, адвокаттарға жазған хаттардан басқа, қамалған тұлға мен сырттағы дүниемен байланысудың бәрі түрме басшылығымен қаралып, оқылады, оның ішінде ҚБК мен ҰАТ сияқты бақылау мекемелеріне жіберген хаттары; осыған сол түрменің үстінен жазылған азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдар да жатады (прокурорға не сотқа жазған хаттардан басқа).<sup>62</sup>

Халықаралық құқыққа сәйкес, мемлекеттер заңгерлер мен олардың клиенттері арасындағы қатынасу және кеңесу құпиялығын сақтау тиіс.<sup>63</sup> Үкіметтер қамалғандардың кеңесшілерімен кідірусіз, аралуынсыз және цензурасыз қатынаса алатындарын қамтамасыз ету тиіс.<sup>64</sup>

<sup>58</sup> БҰҰ Азаптауға қарсы Комитет, «БҰҰ Азаптауға қарсы Комитетінің No. 441/2010-коммуникациясы», 17-б.

<sup>59</sup> АҚЗСҚХБ, *Қазақстанда азаптуды жасау және кінәлілерді жазалау жағдайы*, 31-б.

<sup>60</sup> Ұлттық алдын алу тетігі, *Ұлттық алдын алу тетігі мүшелерінің 2014 ж. жасаған алдын алу тексерістері қорытындары бойынша жинақталған баяндама*, Астана, 2015.

<sup>61</sup> Адвокат Светлана Ковлягинамен (Павлодарда жұмыс істейді) сұхбат, 2015 ж. 3 қыркүйек, Астана.

<sup>62</sup> Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы, *Қазақстандағы азаптаулар: кеше. Бүгін. Ертең? Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясының есебі, 2015 ж. маусым*, Алматы, 2015, 11-б. (Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы, *Қазақстандағы азаптаулар: кеше. Бүгін. Ертең?*).

<sup>63</sup> Біріккен Ұлттар Ұйымы, «Заңгерлер рөлінің басты ұстамдары», 22-ұстам.

<sup>64</sup> БҰҰ Адам құқықтары бойынша Комитет, «Жалпы ескерту No. 32, 14-б.: Сот және трибунал алдындағы теңдікке ие болу және әділсот құқығы», UN Doc. CCPR/C/GC/32, 2007, 34-т.

Қамалғандар мен адвокаттардың арасындағы қатынастың құпиялы болмауы, цензура мен хаттарды жеткізбеу азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттердің құрбандары үшін әділсотқа қол жеткізу жолындағы кедергі болып табылады, олар шағымын тіркеу үшін өз адвокаттарымен көзбе-көз кездесіп, заңгерлік көмек ала алмайды.

### “БЮРОКРАТИЯЛЫҚ ПИНГ-ПОНГ”

Бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (қылмыстық іс міндетті түрде барлық істер бойынша арыз тіркелгеннен кейін басталатыны туралы бап қосылғанға дейін), азаптау туралы шағымдарды алдын ала тергеуден кейін қылмыстық істі қозғау не қозғамау туралы шешім қабылданатын. Қозғаудан бас тартқан жағдайда құрбан шағымдана алатын. Бірақ, осы баяндамадағы істер көрсеткендей, сол істі қарауға тағайындалған прокурор оны нақты да бейтарапты қарамай, бірінші шеміді қолдайды. Ол алдын ала тергеу жүргізген полицияның қылмыстық істі қозғаудан бас тарту шешімін заңды деп тауып (ондай жағдайда құрбан прокурордың шешімі жоғары сатыдағы прокурормен бұзылмайынша, жаңа шағым бере алмайды), немесе істі нәтижесі алдын ала болжамдалатын қайта тексеруге тиісті ішкі істер департаментіне жібере салады.

Көптеген жағдайда Ішкі қауіпсіздік департаменттер азаптаудың дәлелдерін табу мүмкін емес деп, қылмыстық іс қозғаудан бас тартады. Прокурор қылмыстық іс қозғауға немесе басқа ведомствоға жіберуге (мысалы, қылмыстық полиция ғарсы шағымдарды қаржы полициясына) құзыреті бар болса да, әдеттегідей, сол шешімді қолдайды. Осыны адвокаттар мен нақты оқиғалар бойынша жұмыс істейтін ҮЕҰ-р «бюрократиялық пинг-понг» деп атады, өйткені азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдар ведомстводан ведомствоға көшіп, ешкім тергеуге нақты шара қолданбайды. Қылмыстық іс қозғалғанның өзінде осы «пинг-понг» жылдар бойы созылуы мүмкін, құрбандар нақты лауазымды тұлғаларды көрсетсе де, тергеушілер қылмыскерлердің кім екендерін анықтау мүмкін емес деп, арызданушыға істің барысы туралы еш мәлімет бермейді; тергеу мен кейінгі тексерістерді мекемелер мен соттар арасында анда-мында жіберіп, созбалау әлі де қалуда. Осының бәрі құрбандарды үмітсіз қалдырып, өтемақыға қол жеткізбейтіні анық. Василий Маклаковтың ісі осыны дәл көрсетеді.

## ВАСИЛИЙ МАКЛАНОВ

Василий Маклаков өтемақы үшін күресті, ол 2006 ж. ұсталып, азаптауға ұшыраған. Өзін азаптаған екі офицерлерді анықтай алса да, және де, жарақаттары туралы бірнеше медициналық құжаттары бар болғанымен,<sup>65</sup> полиция қызметкерлеріне қатысты тергеу болжамды қылмыскерді анықтау мүмкін емес сылтаумен бір ашылып, бірнеше рет тоқтатылды. 2014 ж. мамырда Василий Маклаковтың адвокаты Amnesty International-ға оның клиенті "25 және 26 маусымда (2006 ж.) оны заңсыз ұстаған Қостанай полициясының Оңтүстік бөліміндегі барлық полиция қызметкерлері есінде. Василий Маклаков кейін өзін азаптаған полиция қызметкерлерінің аты-жөндерін білді[...]. Ол полицияда дене жарақаттарын алып, олардың бәрі анық құжатталған".

<sup>65</sup> Қазақстанда адвокат тергеушіден не судьядан тәуелсіз медициналық сарапшы жасаған саоаптаманы қосуға өтініш жасауға құқылы. Осы дәлелдің салмағы ресми медициналық сараптаманың салмағынан кем болып саналад, бірақ ол талқыланады. Ресми медициналық соттық сараптамадан өту үшін оған мемлекеттік қызметкер, мысалы, тергеуше не судья жіберуі тиіс.

2006 ж. 25 маусымда таңғы сағат 5-те Василий Маклаков өзінің әріптесімен жұмыс орны мемлекеттік моншада күштеп тонау болған соң полиция шақырғаннан кейін ұсталды. Таңғы сағ. 7-де полиция қызметкерлері Василий Маклаковты үйіне келіп, жеке куәлігін алып, өздерімен бірге Қостанай ішкі істер департаментінің Оңтүстік бөліміне әкетті. Онда Василий Маклаковты медициналық сараптамадан өткізіп, тонаушылар жасаған жарақаттарды құжаттады. Содан кейін оны сол полиция бөлімінде 24 сағат ұстады.

Василий Маклаковтың айтуынша, полиция қызметкерлері моншадағы тонауды өз мойнына алғызу үшін азаптады. Василий Маклаковтың сөзінше, полициялықтар оның басынан суға толған шөлмекпен, денесінің әр жерінен ұрды – басынан, арқасынан, сонымен бірге, тепкіледі, орындықпен ұрды. Олар жыныстық қорлауға да барды. Сол түні оны әкімшілік ұсталғандар орталығына әкеліп, Василий сонда түнеді, бірақ оның әкімшілік ұсталғанын ешкім тіркеген жоқ. Ешкім оған не үшін ұсталғанын, қанша уақыт тағы ұсталатынын айтпады. «Олар маған үнсіз мал сияқты қарады... Ұлымдай жастар өзіме зорлық-зомбылық көрсеткеніне ұялдым». Василий Маклаков келесі күні еш айыпсыз босатылған болатын. Содан бастап, тоғыз жыл бойы Василий Маклаков әділдік іздеуде. Ол қайта-қайта прокуратураға шағымданды, бірақ оның шағымдары Ішкі істер министрлігінің Қостанай облыстық ішкі істер департаментінің ішкі қауіпсіздік бөліміне жіберіле берді, ал олар қайта-қайта қылмыстық іс қозғаудан бас тарта берді.

2011 ж. 28 қыркүйекте Қостанай облыстық соты ақыры Василий Маклаковтың шағымы тергелу тиіс деп шешіп, Қостанай облыстық прокуратурасына екі полиция қызметкерлеріне қарсы қылмыстық іс қозғау үшін жіберілді. 2012 ж. 7 ақпанда бұрынғы Қылмыстық кодекстің 308.2-б. бойынша (“Билікті асыра және кері пайдалану”) қылмыстық іс қозғалды, бірақ Василий Маклаковты да, адвокатын да ол туралы хабардар еткен жоқ. Сосын қылмыстық іс қайтадан Қостанай ішкі істер Департаментінің ішкі қауіпсіздік бөліміне жіберілді.

Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін төрт айдан аса 2012 ж. 21 маусымда Василий Маклаковтан жәбірленуші ретінде жауап алды. Осыдан кейін тергеу туралы еш ақпаратты Василийдің өзі де, адвокаты да алған жоқ, тек 2012 ж. шілдеде ІІМ Қостанай облыстық ішкі істер департаментінің тергеу бөлімінің тергеушісі азаптаған полиция офицерлерінің тұлғасын анықтау мүмкін емес деген себеппен қылмыстық істі тоқтату туралы шешімін алды. Осы шешім 10 ай бұрын Қостанай облыстық соты Василий Маклаков ісі бойынша шешімінде кінәлі полиция офицерлерінің аты-жөндері анық белгіленгеніне қарамастан қабылданды.

Прокурор қылмыстық істі қайта қозғау туралы бұйрық шығарып, ол 2012 ж. 9 қазанда қаржы полициясына тергелуге жіберілді. Василий Маклаков сұраққа шақыртылып, анықтауға қатысты. Бірақ, 2012 ж. 23 қарашада Қостанай облысы қаржы полициясының аға тергеушісі тергеуді тоқтатты. Василийдің адвокаты ол туралы 2013 ж. ақпанында «Қылмыстық кодекстің 308.2-б. бойынша қозғалған қылмыстық іс тоқтатылды, өйткені (екі полиция қызметкерінің) кінәлары дәлелденген жоқ» деген процессуалдық құжат алғанда ғана білді. Бұл шешім Василий Маклаковтың адвокаты Қостанай облыстық прокуратурасына шағымданғаннан кейін жойылған болатын. Қылмыстық іс тағы да Ішкі істер министрлігінің Қостанай облыстық ішкі істер департаментінің ішкі қауіпсіздік бөліміне тергеуге қайтарылды.

2013 ж. 28 қазанда Қостанай облыстық полиция Департаментінің аға тергеушісі тергеудің азаптаушыларды анықтау мүмкін емес болғандықтан, кейінге қалтырылады деп хабарлады.

Amnesty International 2015 ж. Қыркүйекте Василий Маклоковтың адвокатымен сұхбаттасқанда, ол былай деді: “Іс ‘жабылды’. Маклоковтың өзі әрі қарай іс-әрекет жасаудан бас тартты. Біз қашанғы осылай жүреміз? Тоғыз жыл бұл іспен айналыстық. Үш сарапшы жарақаттарды растады. [...] Жалғыз адамның күші жетпейді, біз жүйемен күресеміз алмаймыз. Мемлекет өзімен-өзі күресу керек.”

## АЗАПТАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫГЕЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ ШАҒЫМДАР БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР СОТҚА ДЕЙІН СИРЕК ЖЕТЕДІ

Азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдар бойынша қылмыстық істер қозғалған оқиғаларда да бейтарапты тергеу жүргізіледі деген кепіл жоқ және құрбандарға зиян өтеу жолында көптеген кедергілер бар.

### АЗАПТАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫГЕЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ АЙЫПТАУЛАР «ҚОРҒАНЫС ТАКТИКАСЫ» БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

Азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдарды қылмыстық тергеудің елеулі кеергісі прокурорлар мен басқа да органдардың арызданушылар өтірік айтады деген презумпциясы, тіпті сенімді дәлелдер болғанның өзінде. Бас прокуратура және Ішкі істер министрлігінің лауазымды тұлғалары Amnesty International өкілдеріне айтқандай, көптеген жағдайларда айыпталушылар сот барысында азаптау және қатыгез іс-әрекет туралы шағымдарын өздері жасаған қылмыстар үшін жауапқа тартылмау үшін айтады деген пікір білдірді.<sup>66</sup> Сондай көзқарас 2012 ж. Жаңаөзендегі оқиғалар бойынша 37 сотталушыларға судья тарапынан айтылды (толық мәлімет үшін 15–б. қараңыз), ол сотталушылардың азаптау туралы шағымдары антпен берілгеніне және басқа ұсталып, босатылғандардың сөздеріне қарамастан, оларды қабыл алмады. Сонымен бірге, ұқсас жағдай Анатолий Кривооковтың оқиғасында да болды (нақтырақ 45–б. қараңыз), және Amnesty International жинаған басқа да оқиғаларда.

### ДӘЛЕЛДЕРДІ ЖИНАУДАН БАС ТАРТУ

Айыпталушылар азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымданғанда өтірік айтады деген ұғым прокурорлардың жіне қылмыстық сот процесіне қатысатын басқа да қатысушылардың, кейбір жағдайда мемлекет тағайындайтын адвокаттар арасында да кең тараған<sup>67</sup>, шын мәнінде олар дәлелдерді жинауға, құжаттауға, прокурорлар мен тергеушілердің медициналық соттық сараптама өткізгісі келмей, осындай көзқарас істің нәтижесіне әсер етеді. Көбірек нақтылықтары бар Amnesty International-ң 2014 ж. АҚК тапсырған баяндамасында келтірілгендей, оның себептерінің бірі азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер жиі жағдайда сезктіні ресми қамауға алғанға дейін, есептелмейтін

<sup>66</sup> Amnesty International Бас прокуратураға жіберген жазбаша сұраныстың 2013 ж. басындағы жауабы.

<sup>67</sup> Егер айыпталушы адвокат жалдауға қаржысы жоқ болса, онда оған мемлекет төлейтін адвокатты тағайындайды. Көбірек ақпаратты Amnesty International 2014 ж. АҚК-не берген баяндамасын қараңыз, 7-б.

мерзімде орын алады, өйткені ол кезде сезіктілер құқықтық қорғаудан тыс, негізгі кепілдерсіз, мысалы, өз құқықтарын білу, адвокатқа қол жеткізу және туыстарына өзінің ұсталғанын хабарлау сияқты құқықтары сақталмайтын жағдайда қалады.<sup>68</sup> Осыған қоса, қамауға алу ресми тіркелетін жерде медицина қызметкерлері міндетті түрде адамды азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттері белгілерін табу үшін бейтарапты тексеруден өткізбейді; сондай тексеру қамалғанның өзі не оның адвокаты талап еткен жағдайда ғана өткізіледі.<sup>69</sup>

Тіркелген ресми қамауға дейін есептелмеген мерзім ішінде қамауда болған азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттерінің белгілері дәлігермен құжатталған болғанның өзінде прокурор осы медициналық дәлелдерді қабылдайтынына ешкім кепіл бермейді. Р.О. оқиғасы осыны айқын көрсетеді.

## **Р.О.**

2012 ж. желтоқсанда Р.О.,<sup>70</sup> 22 жасар жігіт, Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросына (АҚЗСҚХБ) 2012 ж. 21 желтоқсанда Алматыдағы үйінде полиция өзін ұстағанын айтты. Содан кейін оны Жетісу аудандық ішкі істер департаментіне әкеліп, полиция офицерлері жігітті азаптап, оны үтікпен және шақпақпен күйдіріп, полиэтилен дорбасымен тұншықтырған. Полиция қызметкерлері сонымен бірге оны өлтіру сезігімен ұсталған әкесіне қарсы жауап беруді мәжбүрлеп, жыныстық зорлық жасаймыз деп қорқытты. Р.О. 17 сағат бойы тіркелмей (заңсыз) ұсталған.

Босатылғаннан кейін Р.О. медициналық тексеруден өтіп, азаптауға қатысты жарақттарын құжаттады. Сосын ол Жетісу аудандық прокуратурасына шағымданды, прокуратура шағымды Жетісу аудандық ІІД-нің ішкі қауіпсіздік бөліміне жіберді. Екі айдан кейін 2012 ж. ақпанда Жетісу аудандық ІІД-нің ішкі қауіпсіздік бөлімі қылмыстың дәлелі жоқ болғандықтан, Р.О. көрсеткен полиция офицерлеріне қарсы қылмыстық іс қозғалмайды деп шешті. Қалалық прокуратура осы шешімді қолдады. Екі ведомство да Р.О. жасаған медициналық тексеріс нәтижелерін және оның нақты арызын қабылдамады. Р.О. осыдан кейін көңілі қалып, әрі қарай шағымданудан бас тартты.

Қамауда өлім болған жағдайда қылмыстық іс міндетті түрде қозғалады. Жиі жағдайда өлім фактісі мен куәлардың сөздерінен басқа ешқандай дәлел жоқ болғанда, іс дәлелдің жоқтығынан немесе өлтірген кісіні анықтау мүмкін емес болғандықтан жабылады. Кейбір жағдайда іс өлімнен кейін көп уақыт кеткенде ашылады, онда да егер өлгеннің туыстары не ҮЕҰ әділдікті талап етсе. Осындай жағдай Дмитрий Ракишевтың оқиғасында болды, ол 2011 ж. алған жарақаттардан қайтыс болды. Оның ісі БҰҰ Адам құқықтары Комитетінің қарауында,<sup>71</sup>

<sup>68</sup> Amnesty International, *Қазақстанның БҰҰ Азаптауға қарсы Комитетіне баяндамасын* қараңыз, 2014, 7-8-бб. Сонымен бірге “Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің орындауы туралы Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының баяндамасы (БҰҰ Адам құқықтары бойынша Комитетіне ұсыну үшін)” қараңыз, Алматы, 2011, 7-8-бб., және Ұлттық алдын алу тетігі, *Жинақталған баяндама*, 2014, 24-б.

<sup>69</sup> Қазақстандағы азаптауға қарсы ҮЕҰ Коалициясы, *Қазақстандағы азаптау оқиғаларының алдын алу, анықтау, тергеу мәселелері*, Алматы, 2015.

<sup>70</sup> Р.О. өзінің аты-жөнін жарияғысы келмеді.

<sup>71</sup> БҰҰ Адам құқықтары бойынша Комитеті БҰҰ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің (АСҚҰП) орындалуын бақылайды. Ол БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Кеңесінен өзгеше.



Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының Астанадағы филиалы жеке шағымды дайындап, Комитетке жіберген. Ал, Алексей Мамуч Оглының туыстары ҰЕҰ-ң және заңгердің көмегінсіз Алексейдің түрмеде қалай өлгені туралы кез келген ақпаратты бір жыл бойы күтті.

## **ДМИТРИЙ РАКИШЕВ ЖӘНЕ АЛЕКСЕЙ МАМУЧ ОГЛЫ: ҚАМАУДА ҰСТАУ ОРЫНДА ТҮСІНІКСІЗ ӨЛІМДЕР**

Дмитрий Ракишевтің ісі Қазақстандағы тергеу рәсімдерінің елеулі кемшіліктерін атап көрсетеді, әсіресе полициядағы өлімдер жедел және нақты тергелуі тиіс болғанына қарамастан, істі созбалау. Сонымен бірге, бұл іс азаптау құрбандарын қолдап, олардың отбасыларына толық тергеуге және керек болған жағдайда сотпен жазалауға қол жеткізуге үкіметтік емес ұйымдардың маңызды рөлін атап көрсетеді. Бұл іс бойынша Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының (АҚЗСҚХБ) Астанадағы филиалы Дмитрий Ракишевтің өліміне кінәлілерді жауапқа тарту үшін әртүрлі билік органдарына ондаған шағымдар жіберді. Іс ақыры тергеліп, 2012 ж. Күзінде сотқа дейін жеткені АҚЗСҚХБ-ң күш слауы арқасында болды.<sup>72</sup>

**Дмитрий Ракишев**, 21 жастағы жас жігіт, тонаушы деген сезікпен ұсталғаннан кейін Степногорскінің уақыша ұстау изоляторында 2011 ж. 8 мамырда өлді. Оның отбасына ұстау негіздері анық түсіндірілген жоқ. 2011 ж. 28 сәуірде Дмитрий шартты түрде босатылғаннан болғандықтан, полиция учаскесіне тіркелу үшін үйінен кетті. Ол сол күні үйіне қайтып келген жоқ, ал келесі күні полиция Дмитрийдің ата-анасына оның жаңа қылмыстық айыптарға сәйкес сот шешімі бойынша қамауда болғанын айтты. Полицияның айтуынша, 29 сәуірде ұсталғанда, ол мас болып, жарақаттанып үлгерген. 30 сәуірден бастап, оның 8 мамырда таңертең өлгенге дейін оған уақытша ұстау изоляторына бірнеше рет жедел жәрдем шақырылған. 7 мамырда Дмитрий жергілікті ауруханаға түсіп, ондағы рентген екі қабырғасының сынғанын көрсетті. Дмитрий ракишев отбасының адвокаты шақырған тәуелсіз медициналық сарапшы сол жарақаттар 7 мамырда полиция учаскесінде болған Дмитрий жеті не сегіз күн бұрын алған деп бағалады. Дмитриймен бір камерада отырған екі кісі ол жарақаттарды Дмитрий қамауда алғанын көрсетті. Ал ресми медициналық жазбаларда Дмитрий жарақаттан болған пневмониядан өлді деп жазылған.

Полиция бірінші рет Дмитрий Ракишевтің өліміне қатысты қылмыстық іс қозғаудан бас тартты. Бірақ, АҚЗСҚХБ-ң Астанадағы офисінің күш салуы арқасында 2011 ж. мен 2014 ж. аралығында әртүрлі мүмлекеттік органдарға 50 астам шағымдар жіберіліп, Дмитрий Ракишевтің өліміне кінәлілерді жауапқа тарту талап етілген. Іс 2011 ж. қазанда қаржы полициясымен уақытша ұстау изоляторы бастығына қарсы қозғалған. 2012 ж. күзде изолятордың бастығы салғырттық үшін кінәлі деп табылып, бас бостандығынан үш жылғы айыруға сотталған болатын, бірақ сол кезде амнистия туралы заң күшіне енген соң, босатылған. Дмитрий Ракишевы жарақаттаған нақты адамдар сотта ешқашан анықталмаған және дмитрийді ұстағнағ дейін және ұстау кезінде көрген еш бір медицина қызметкері жауапқа тартылған жоқ. Осының бәрі дәрігерлер өздерінің адамды емдеу

<sup>72</sup> АҚЗСҚХБ, *Қазақстандағы азаптау мен кінәлілерді жазалау жағдайы*, 38-б.

кәсіби міндетін дұрыс атқармаған деген ресми соттық медициналық сараптама қорытындысы бар болғанына қарамастан жүзеге асырылды.<sup>73</sup>

2014 ж. АҚЗСҚХБ осы іс бойынша БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комитетіне жеке шағым жіберді. Шағым әлі қаралуда.<sup>74</sup>

Amnesty International **Алексей Мамуч Оғлы** анасымен 2015 ж. қыркүйекте сөйлескенде, ол бір жылдан аса, 2014 ж. 14 сәуірде түрмеде өлген ұлы қалай өлгені туралы ақпаратты әлі күткен еді.

Алексей Мамуч Оғлы 2011 ж. 18 мамырда 26 жасында сотталы, Шемонаихадағы ОВ-156/6 қатаң тәртіптегі түрмесіне жеткізілді. Анасының айтуынша, ол дені сау жас жігіт болатын. Ұлын тергеу изоляторында барып көргенде, оның ешқандай аурулары, жарақаттары, шағымдары болмаған. Бірақ, 2014 ж. ақпанында ол асқазанына жедел ота жасау үшін госпитальға жеткізілген; ота жасаған хирург анасына айтқандай, ішінде ісік болды. Алексей Мамуч Оғлы сол айда бұрынырақ іші атты ауратынын айтқаны анасының есіне түсті, бірақ түрме әкімшілігі үш күн бойы ештеңе істеген жоқ, ақыры оны жедел ота жасау үшін ауруханаға апарды. Ота кәдімгі стационарда жасалды, Алексейдің анасы оған ақпанның соңында барғанда, оның төсекте тыр жалағаш, айналасында үш күзетші, қолына кісен салынғанын көріп, қорқып кетті.

2014 ж. Ақпанда ота жасалғаннан кейін тез арада Алексей Мамуч Оғлы Семейдегі түрме госпиталіне ауыстырылды. Анасы оған 3 сәуірде барып қайтқанда, өте әлсіз, кездесуге берген екі сағатқа да шыдамайтынын көрді. Бірнеше күннен кейін, 14 сәуірде ол қайтыс болды.

Алексей Мамуч Оғлы өлгеннен кейін түрме басшылығы анасына телефон соғып, жедел телеграмма салды. Бірақ олар ұлының қалай өлгені туралы ешқандай ақпарат берген жоқ, өлім туралы куәлікті алғанда, онда өлімнің себебі жазылған жоқ. Үлкен ұлы 2014 ж. сәуірде түрмеден Алексей Мамуч Оғлының мәйітін алып кетуге барғанда, ол салт бойынша жуындырылған және оралған болып жатты, сондықтан, сол кезде денесінде қатыгез іс-әрекеттер іздерін көре алмады. Дегенмен, моргтегі дәрігерлер ағасына Алексейдің органы қатыгез іс-әрекеттерінен жұмыс істемей қалды деп айтты. Сонымен бірге, анасы соңғы рет барғанда (өлімнің алдында), ұлының көңілі түскен, жылап жатқаны есіне түсті, ол түрме бастығы мен күзетшілердің ізінен түсуді сұрады, яғни, қатыгез іс-әрекеттерге ұшыраған. Кейін түрме басшылығы Алексей Мамуч Оғлының анасына ол бауыр циррозынан өлді деп айтты, бірақ анасы ешқандай медициналық қорытындыны көрген жоқ, және де, бұл ұлына 2014 ж. ақпанда ота жасаған хирургтың сөзіне ұласпайды.

Алексей Мамуч Оғлының түрмедегі өлімі жедел және нақты тергеуді талап етеді. Осындай тергеу мүмкін, болған да шығар, бірақ оның анасына ол туралы не оның нәтижелері туралы ешқандай ақпарат берілген жоқ. Amnesty International онымен кездескенде, Алексейдің анасы өзінің қаласындағы адам құқықтарын қорғау ұйымына

<sup>73</sup> АҚЗСҚХБ, *Қазақстандағы азаптау мен кінәлілерді жазалау жағдайы*, 38-б.

<sup>74</sup> АҚЗСҚХБ, *Қазақстандағы азаптау мен кінәлілерді жазалау жағдайы*, 38-б.

барып, ұлына не болғанын анықтауға көмектеседі деген үмітте болды. ҮЕҰ заңгерлерінің көмегінсіз ол бір жылдан аса бейхабар болатын. Алексейдің анасы ұлының кінәлі қызметкерлерді табу туралы соңғы өтінішін орындағысы келгенімен, өз қауіпсіздігі мен үлкен ұлының да қауіпсіздігіне алаңдайды.

**ҚУДАЛАУ, ҚОРҚЫТУ ЖӘНЕ ҚҰРБАНДАР МЕН КУӘЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ЖОҚТЫҒЫ**  
«Бюрократиялық пинг-понг» кезінде шағымданушылар, олардың туыстары мен басқа куәлар Константин Мухиннің ісі көрсеткендей, азаптауға қатысты айыпталған құқық қорғау органдарының қызметкерлері тарапынан қудалауға, зорлық-зомбылыққа, қорқытуға ұшырайды. Онсыз да психологиялық зақым алған азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер құрбандарының қайтадан стресс алуы берген шағымдарын қайтарып алу әкеліп соғуы мүмкін, бұл да нәтижелі тергеу мен әділсотқа, зиянды өтеу жолындағы елеулі кедергі болып табылады.

## КОНСТАНТИН МУХИН

**Константин Мухинге посттравматикалық стресс деген диагноз қойды. Ол әкімшілік қамауда болғанда азаптауға ұшырады, соны істеген полиция офицерлеріне шағым бергеннен кейін олар оны қорқытып, қудалаған соң өзіне-өзі қол жұмсауға тырысты.**

Константин Мухин ауыр емес әкімшілік құқық бұзушылық үшін 2014 ж. 4 мамырда қамалған. Оның оқиғасы осылай басталған: полиция қызметкерлері жеке куәлігін көрсетуді сұрағанда, ол құжаттарын алып шығарамын дегенде қолындағы жеп тұрған шекілдеуіктерді жерге шашып жіберді. Полициялықтар оны бұзақылық үшін қамауға алып, шын мәнінде жеті жасар қызды зорлап, өлтірді деп сезіктенгендері кейін анықталды.

Константинді әкімшілік қамау орталығына түсіп, 5 маусымда Рудный әкімшілік сотымен тәртіпті бұзғаны үшін кінәлі деп табылды (Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің 330.1-б.). Ол үш күндік әкімшілік қамауға алынды. Рудный қ. әкімшілік қамау орнында 2014 ж. 4-7 маусымда болғанда, Константинді полиция қызметкерлері азаптап, қыз баланы өлтіргенін мойындауға мәжбүрледі. Оны ұрып-соғып, қорлап, жыныстық зорлық жасаумен қорқытты, осының салдарынан ол айтарлықта психологиялық зақым алған. Босатылғаннан кейін Константин дәрігерлерге барып, денесіндегі жарақаттарды құжаттады. Екі күннен кейін Константин Мухин психологқа барды, оның қорытындысы бойынша, Константин посттравматикалық стресске ұшыраған.

Константин Мухиннің адвокаты 2014 ж. 9 маусымда полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қарсы Қостанай облыстық прокуратураға шағым жазды. 11 маусымда адвокат Қостанай облысының арнайы прокурорлар бөлімін қатысы бар офицерлерге қарсы азаптау үшін (бұрынғы Қылмыстық кодексінің 141.1-б. бойынша) қылмыстық іс қозғауды сұрады. Ол 4 шілдеде Рудный қ. Прокуратурасының «қылмыс дәлелі жоқ» себебімен қылмыстық іс қозғаудан бас тартқандары туралы жауабы келді. 8 шілдеде адвокат осы жауаптағы шешімге Қостанай облыстық прокуратураға шағымданды, ал 24 шілдеде азаптауға қатысты қылмыстық іс қозғалғаны туралы жауап алды.

Кері жауапқа Рудный қалалық сотында шағымдану және облыстық прокуратурман істің қозғалуы екі аралығында Константин азаптады деп айыптаған полиция қызметкерлері

тарапынан тұрақты қудалауға түскен. Олар оның үйіне келіп, қоқытқан. Константин қысымға түскені соншама, өзінің өліміне полиция кінәлі деп хат жазып, суға батып өлуге тырысты. Анасы оны аман алып қалды, кейін Константин психиатриялық ауруханада емделді.

2014 ж. желтоқсанда іс дәлелдер жоқ деген себеппен тағы да жабылды.<sup>75</sup>

Азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер істері бойынша жұмыс істейтін адвокаттар мен адам құқықтарын қорғаушылар да қудаланып, қорқытылады. Оның ішінде іске керекті ақпаратты құқық қорғау органдарының бермеуі, қорқытудың тағы бір жолы сот тыңдауларына түрме әкімшілігінің жаппай қатысуы. Қылмыстық тергеу және сотқа дейін жеткен азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер оқиғаларында қорқытудан қоғап, көмек беретін адвокаттар мен ҰЕҰ-ң маңызы өте зор (оның бір мысалы -б. келтірілеги Иван Рожновтың ісі болып табылады).

ҰЕҰ-да жұмыс сiтiтiн заңгерлер мен адвокаттар қылмыстық әдiлсотындағы азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттеріне қатысты халықаралық үлгілер бойынша жаттығулардан жиі өтеді. Олар құрбандарға сапалы заңгерлік көмек көрсету/немесе сондай көмек көрсететін басқа да заңгерлер мен адвокаттардың қабілетін күшейтеді.<sup>76</sup>

## ӘДІЛСОТҚА ӘЛІ ДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚИЫН

Кейбір қылмыскерлерді жазалаумен аяқталған істердің өздері құрбандар мен олардың отбасылары толыққанды әділсотқа қол жеткізгенін көрсетпейді. 2011 ж. Жаңаөзендегі қарсылыққа шыққандар мен ереуілшілердің қамалғаннан кейінгі азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдардың басым көпшілігі (толық мәліметті 15–б. қараңыз) ресми түрде тіркелген жоқ, өйткені құрбандар қудалаудан қорықты. Тіркелген шағымдардың іреуі ғана сотқа дейін жетті. Бұл жағдайда құрбан болған 50 жасар Базарбай Кенжебаев 2011 ж. 21 желтоқсанда босатылғаннан екі күннен кейін қайтыс болды. Өлердің алдында ол өзінің отбасы мен ресейлік журналистке Жаңаөзендегі қалалық полицияда азапталғанын айтып кетті. Сол үшін бір адам ғана, қалалық полиция бастығының орынбасары Жеңісбек Теміров жауапқа тартылып, құзыретін асыра пайдалану және билікті кері пайдаланғаны үшін сотталды (бұрынғы Қылмыстық кодекстің 308-б.).

Жеңісбек Теміров азаматтарды Жаңаөзен қ. полиция бөлімінде заңсыз ұстап, осының салдарынан Базарбай Кенжебаевтың өліміне әкелгені үшін айыпты болып танылды. Жеңісбек Теміров Ақтау қалалық сотының 2012 ж. 17 мамырдағы үкімімен бес жылға бас бостандығынан айырылып, құрбанның отбасына моральдық зиянның өтемақысы ретінде 1 миллион теңге (US\$6,800) төлеуге сотталды. Бірақ, Бас прокуратура тергеушілері Базарбай Кенжебаевты және басқа ұсталған адамдарды азаптап, қатыгез іс-әрекеттер істеген құқық қорғау қызметкерлерін анықтап, әділсотқа келтіруден бас тартты. 2012 ж. шілдеде апелляциялық сот моральдық зиянды өтеудің кепілі ретінде Жеңісбек Теміровтың мүлкін тәркілеу туралы қаулысын жойды. Енді келтірілген зиянды сотталғанның түрмедегі еңбекақысынан ұстап отыратын болады. Іс жүзінде түрмедегі еңбекақы өте төмен екенін ескерсек, бұл өтемақының ешқашан төленбейтінін аңғартады.

<sup>75</sup> Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы, *Ақпарат бюллетені*, 2015 ж. 11 ақпан, Алматы, 2015, [http://www.bureau.kz/novosti/sobstvennaya\\_informaciya/article\\_7951](http://www.bureau.kz/novosti/sobstvennaya_informaciya/article_7951) (2015 ж. 12 тамызда қаралған).

<sup>76</sup> Заңгер Анара Ибраевамен сұхбат, 2015 ж. 1 қыркүйек, Астана.

## ЖАҒЫМСЫЗ ЖАҢА ҮРДІС: “ТОҚТАП ҚАЛҒАН” ТЕРЕУЛЕР

Жаңа Қылмыстық кодекс «бюрократиялық пинг-понгты» жояды деп күтілген, өйткені енді бұрынғыдай, азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдар алдын ала тергеуден өтпей, дереу қылмыс ретінде тіркеледі. Дегенмен, Amnesty International осы баяндама үшін сұхбаттасқан заңгерлер жаңа мәселені атап көрсетті: азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер болған оқиғалары міндетті түрде қылмыс ретінде тіркеліп, тергеу органында бірнеше айға «тоқтап қалып», жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінде бекітілген тергеу жүргізудің мерзім шектерін сақтамай, созылуда.

Сонымен қатар, жәбірленушіге не оның адвокатына тергеудің қай сатыда екенін хабарламайды, соңынан кері жауап алғанда, құрбан мен оның адвокаты шағымданғысы келсе, тағыда «пинг-понг» басталады.<sup>77</sup>

Осыған қоса, жоғарыда айтылғандай, азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер азаптау ретінде де (жаңа Қылмыстық кодекстің 146-б.), “құзыретті асыра пайдалану немесе билікті кері пайдалану» ретінде де (жаңа қылмыстық кодекстің 362-б.) қаралуы мүмкін. Қылмыстардың екеуінде де жаза мқлшері ұқсас, азаптауға қарағанда, “билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланудың” ескіру мерзімі бар және сол үшін сотталған тұлғалар амнистияға жатады. Азаптаудың Қылмыстық кодекстің 146-б. ұғымы кең болғандықтан, тергеу органдары жиі жағдайда қылмыстық әрекеттерді азаптау деп санауға сенімсіз болып, ұғымы анықтау «билікті не өкілеттікті асыра пайдалану» бабын қолданады. Бірақ азаптауды не басқа да қатыгез әрекеттерді «билікті не өкілеттікті асыра пайдалану» деп табу Қазақстандағы азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттердің шынайы көлемін жасырады. 2015 ж. қыркүйекте бір адвокат өзінің тәжірибесінде азаптау оқиғаларының көбісі «билікті не өкілеттікті асыра пайдалану» деп белгіленеді, тергеу де бұзушылық Қылмыстық кодекстегі азаптау ұғымына жатса да, осы негізде жүргізіледі.<sup>78</sup>

---

<sup>77</sup> Заңгер Анара Ибраевамен 2015 ж. 1 қыркүйектегі, Астанада; адвокат Хамида Айтқалиевамен, Астанада, 2015 ж. 2 қыркүйектегі; адвокат Светлана Ковлягинамен (Павлодарда жұмыс істейді), 2015 ж. 3 қыркүйекте, Астанадағы; адвокат Айман Омаровамен, Талдықорғанда, 2015 ж. 4 қыркүйектегі; адвокат Гүлнәр Жуаспаевамен, Алматыда, 2015 ж. 6 қыркүйектегі сұхбаттар.

<sup>78</sup> Адвокат Гүлнәр Жуаспаевамен сұхбат, Алматы, 2015 ж. 6 қыркүйек.

# ЖҮЙЕ НЕГЕ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ?

## “Қарға қарғаның көзін шұқымайды”

Amnesty International 2014 ж. сәуірде адвокатпен өткізген сұхбатында айтылған мәтел.

Қазақстандағы азаптау және басқа да қатыгез әрекеттердің құрбандары үшін әділсөзге жету жолындағы кедергілердің бастысы тергеу жүргізетін органдар мен тұлғалар оны бейтапаты, тәуелсіз және объективті жасауға мүдделі емес екендері. Оның орнына тергеулердің мақсаты корпоративтік ынтымақтастықты сақтау, мүдделер қайшылықтан қашу, тәуелсіз бақылауды болдырмау үшін саналы түрде күш салу болып табылады. Бір адвокат Amnesty International сұхбаттасқанда тергеу жүйесі жұмыс істемейді деп айтты: полиция және прокуратураның оқиғаларды тиісті тергеуге мүмкіндігі не ынтасы жоқ.<sup>79</sup>

Жоғарыда айтылғандай, қазақстандық биліктер азаптау және қатыгез әрекеттерді тергеудің бейтарапты емес болу мәселесін бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне 2011 ж. өзгертулер енгізу арқылы шешуге тырысты. Сондағы өзгерулерге сәйкес, азаптау туралы шағымдар кімге қарсы берілгеніне қарай қылмыстық полиция немесе қаржы полициясымен тергелуі тиіс; әдеттегідей, бұл тиісті тергеу органының ішкі қауіпсіздік бөлімі. Amnesty International зерттеуі тергеу жауапкершілігін қылмыстық және қаржы полиция арасында бөлу тәуелсіз және бейтарапты тергеу мәселесін шепейтінін көрсетті. Бұл АПБ-ң өз мандатын орындау маңыздылығын атап көрсетеді, олар азаптау және басқа да қатыгез әрекеттерге қатысты барлық істерді қарап, келешекте полицияға берілетін шағымдарды қарау тәуелсіз органына айналуы керек.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері тергеу жүргізгенде басқа мекемелердегі әріптестеріне тәуелді. Бұл қаржы полиция қызметкерлері қылмыстық полицияға қарсы азаптау туралы шағымды тергеу керек болғанда (және керісінше), олар өзара тығыз қарым-қатынастарын бұзғысы келмейді; осы күштердің екеуі де бір жүйенің бөліктері болып табылады және бірі-бірін әлсіз ететін шара қолданғысы келмейді. Нәтижесінде, оқиғалардың көпшілігінде тиісті органдар азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдардың сенімді дәлелдері болса да, әріптестеріне қарсы ешқандай дәлел жоқ деген тұжырым жасайды. Арызданушы жүгінгенде, ол «бюрократиялық пинг-понг», қарсылық және созбалау туғызады.

Осыдан басқа, жоғарыда айтылғандай, бұрынғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша азаптау және басқа да қатыгез әрекеттерге берілген шағымдарды алдын ала тергеуі әдеттегідей, тергеу мекемесінің ішкі қауіпсіздік бөлімімен жүргізіледі. Бұл анық мүдделер қайшылығы болып табылады. Мысалы, 2011 ж. Жаңаөзендегі оқиғалардан кейін азаптау шағымдарының (толығырақ мәлімет алу үшін 15–б. қараңыз) растығын дәлелдеу үшін жүргізілген алдын ала тергеу Ішкі істер министрлігінің Ішкі қауіпсіздік

<sup>79</sup> Заңгер Анара Ибраевамен сұхбат, 2015 ж. 1 қыркүйек.

Департаментімен жүргізілді, яғни, қылмыс жасады деп айыпталған ведомствоның бір бөлігімен. Сосын сотта төрағалық еткен судьяның бұйрығымен сотталғандардың шағымдарын тексеру үшін Бас прокуратураның тергеуі жүргізілді. Тергеуді жүргізу Жаңаөзендегі қақтығыстар бойынша бастапқы тергеу өткізген арнайы прокурорлар тобына жүктелді, сондықтан олардың анық мүдделер қайшылығы болып, Стамбул хаттамасы және басқа да адам құқықтары үлгілерін бекітетін құжаттарға сай бейтарапты әрекет жасай алмады.

Қазіргі жүйеде Бас прокуратура ақырына келгенде, азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды тергеуге жауапты болып табылады, сонымен бірге, полицияның әртүрлі органдары заңға бағынуын қадағалауға («қадағалау функциясы») жауап береді. Бірақ дәл сол уақытта Бас прокуратура қылмыстардың ізіне түсуге және айыптауды қамтамасыз ету үшін толығымен жауапты. Осы екі функция арасында қайшылық бар, Бас прокуратура құқық қорғау қызметкерлеріне қарсы шағымдарды қарағанда бейтараптылықты сақтай алмайды. Өз кезегіне, прокуратураның айыптауды қамтамасыз ету үшін жасалатын қысым және азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттердің жазасыз қалуы де-факто институционалдық түрде азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттерді құқық қорғау органдарының жауап алу кезінде қолдануды мойындау болып табылады.

Бір адвокат полиция, прокурорлар мен түрме әкімшілігі туралы айтқандай, бұл «бір жүйе»,<sup>80</sup> бәрінің мүдделері бір болып табылады. Тәуелсіз тергеу тетіктері мен тәуелсіз бақылаудың жоқтығы Қазақстандағы азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды тергеу жүйесінің басты кемшілігі болып табылады.

Осы "бір жүйенің" тұрақтылығы сотталғандар түрме әкімшілігіне қарсы азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағым жасағанда әсіресе анық болады. Сондай жағдайда сотталғандар кек алудан қоғана алмайды, бұл жағдай азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттер үшін жазасыздық норма ретінде қаншалықты сақталса, соншалықты ұзаққа созылады. Бір оқиға бойынша Amnesty International адвокатпен 2015 ж. қыркүйекте сөйлескенде, түрме қызметкерлері сотталғанға қатыгездікпен қарағандары үшін жауапқа тартылған, бірақ сотталған осы түрмеге жіберілмеуі тиіс деген сот шешіміне қарамастан, сол түрмеге қайта оралғанда, бұрынғыдан да жаман қорлауға ұшырады.<sup>81</sup>

Осындай бұзушылықтардың салдарынан сотталғандарға азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер бойынша әділсотқа қол жеткізу одан да қиындай түседі, сондықтан олар қайсыбір шағым беруден тартынады.

## ИСКАНДЕР ТҮГЕЛБАЕВ

**Побои, Искандер Түгелбаев Шығыс Қазақстандағы отырған түрмеде 2015 ж. 12 мамырда өткізілген «жоспарлы тінту шаралары» кезінде ұрып-соққаннан кейін үш күн бойы комада жатып, адвокаттың айтуынша, сөйлеуге не көмексіз жүруге жағдайы болмай қалды.<sup>82</sup> Осындай қатты салдарға қарамастан, Искандер Түгелбаевтың шағымы бойынша жүргізілген тергеу «дәлелдің жоқтығынан»**

<sup>80</sup> Адвокат Гүлнәр Жуаспаевамен сұхбат, Алматы, 2015 ж. 6 қыркүйек.

<sup>81</sup> Адвокат Светлана Ковлягинамен сұхбат (Павлодарда жұмыс істейді), 2015 ж. 3 қыркүйек, Астана.

Светлана Ковлягина құрбанның аты-жөнін немесе іске қатысты басқа да нақты мәліметтерді берген жоқ.

<sup>82</sup> Адвокат Гүлнәр Жуаспаевамен сұхбат, Алматы, 2015 ж. 6 қыркүйек.

**жабылды. Аскандер Түгелбаевтың адвокаты тергеуді тоқтатқанға қарсы берген шағымына әлі де жауап күтуде.**

Искандер Түгелбаевтың жарақаттары соншама ауыр болды, ота жасау үшін хирург арнайы ұшып келді. Бірақ, түрме басшылығы міндетті түрде істі тіркеу үшін жергілікті прокурормен байланысқан жоқ. Іс Искандердің тәтесі бәрін біліп, шағымданғаннан кейін ғана 2015 ж. 25 мамырда прокуратурада тіркелді, ол туралы тәтесімен колониядан басқа адам байланысып, мән-жайды айтып берген соң белгілі болды.

Түрме биліктері Искандер Түгелбаев талма ауруы ұстағанда құлап, басынан жарақат алды деп мәлімдеді, бірақ оның отбасы Искандердің ешқандай эпилепсия не аяқ-қолы тартылуға байланысты ешқандай ауруы болған жоқ деп сенімді айтады. Адвокат жалдаған тәуелсіз медициналық сарапшының қорытындысы бойынша, Искандер Түгелбаевтың жарақаттары және сөйлей алмағаны азаптауға қатысты.

2015 ж. қыркүйектегі жағдай бойынша Amnesty International адвокатымен сөйлескенде, Искандер Түгелбаев Семейдегі арнайы түрме ауруханасында емделуде болды. Бірақ емдеу біткен соң, түрме биліктері оны қайтадан азаптауға ұшыраған колонияға жіберуді жоспарлаған. Адвокаттың айтуынша, онда Искандерді шағымды қайтарып алғызу үшін тағы да қатыге әрекеттерге ұшырау қаупі бар. Оның адвокаты Искандерді басқа түрмеге жіберуге тырысып жүргенін айтты, бірақ ол жағдайда да оның кек алудан қорғауы жоқ.

Іс прокуратурада мамыр аяғында тіркеліп, қаржы полицияда тергелген, сосын «қылмыс құрамы жоқ» деген негізбен жабылған. Искандер Түгелбаевтың адвокаты тергеуді тоқтатуға қарсы берген шағымына жауап күтуде болды. Бүгінгі күнде осы іске аймақтық немесе республикалық арнайы прокурордың араласуы жоқ болды.

Басқа адвокат Amnesty International-ға мәлімдегендей, оған түрмедегі азаптаудан жәбір көрген тұлғаларды көп кездестірді, бірақ олар шағымберуге қатты қорқады, өйткені ол үшін қысымға түседі.<sup>83</sup> Қазіргі уақытта түрме жүйесінде азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттердің құрбандары үшін ешқандай қауіпсіздік кепілдері жоқ, шағым берген сотталғандар міндетті түрде басқа түрмеге ауыстырылмайды. Осындай бір іс бойынша Amnesty International-ға сұхбат берген адвокат ауыстыруын сұрағанын, бірақ оның клиенті үш жеті бойы оны күткенін айтты.<sup>84</sup>

---

<sup>83</sup>Адвокат Светлана Ковлягинамен сұхбат (Павлодарда жұмыс істейді), 2015 ж. 3 қыркүйек, Астана.

<sup>84</sup> Қауіпсіздік сақтау себебімен біз мәлімет берген адвокаттың аты-жөнін және клиентінің аты-жөнін бере алмаймыз.



# ЖАЗАСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ ҚАДАМДАРЫ

## АРНАЙЫ ПРОКУРОРЛАР БӨЛІМДЕРІ

Арнайы прокурорлар бөлімдері (АПБ) Бас прокуратураның бөлімі болып табылады, бірақ бөлек прокурорлық басқарма ретінде жұмыс істейді. Олар бас прокурорға тікелей бағынышты. Қазақстан бойынша жергілікті АПБ-рі бар, бірақ бұл бөлімдер жиі жағдайда кең ауқымды жұмыс істейді, олар әр аймақта жоқ. Бастапқыда саны аз күрделі не аса маңызды істерді тергеуге арналған болатын<sup>85</sup>. 2011 ж. олардың мандаты азаптауға қатысты (Қылмыстық кодексідегі мағынада) барлық шағымдарды тексеруге кеңейтілген болатын.<sup>86</sup> Бір жылдан кейін ішкі нұсқаулармен азаптауға қатысты істерді тергеу тікелей құзыреті қосылған болатын (прокурорлар негізі, тергеу жүргізе алмайды және құқық қорғау органдары жүргізген тергеуге сүйенеді). Олар дербес тергеу бастауға құқылы (бас арнайы прокурордың шешімімен) немесе Бас прокурор тергеу бастауға бұйрық бере алады. Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы мәлімдегендей, қазіргі уақытта АПБ-рі қылмыстық іс бойынша тергеу сатысына жеткен азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттерге қатысты істердің көпшілігіне араласуда. Осындай жағымды қадамды қолдауға болады.<sup>87</sup> АПБ-ң өкілеттілігі Бас прокурордың бұйрығымен белгіленеді, осы бұйрық 2015 ж. 27 наурызда өзгертілген болатын.<sup>88</sup> АПБ дербес тергеу жүргізу өкілеттігіне немесе құқық қорғау органдары жүргізетін тергеулерді қадағалай алады.

## ОЛЬГА ЖӘНЕ ЕЛЕНА ШАРАФУТДИНОВАЛАР

2012 ж. Ольга Шарафутдинова мен оның қызы Елена Шарафутдиноваларды қамауға алу тырысудан кейін екі әйел полиция қызметкерлеріне қарсы шағым беріп, оларды зорлық-зомбылық жасады және билігін асыра қолданды деп айыптады. Істің сотқа дейін жетіп, полиция қызметкерлерін жауапқа тартқанша екі жыл өтті. Өткен мерзімнің ішінде Ольга және Елена Шарафутдиноваларды әрі-бері жүргізіп, істерін біресе Қостанай ішкі істер Департаменті, біресе Қостанай облыстық прокуратурасы, қаржы полициясы арасында айналып жүрді. Әрқайсысы толыққанды тергеу жүргізуден бас тартты. Онымен ақыры прокуратура ғана айналысты.

<sup>85</sup> АПБ тергей алатын қылмыстардың нақты тізімі жоқ.

<sup>86</sup> Қазақстан Республикасы Бас прокурордың No.22-бұйрығына сәйкес (2012 ж. 7 наурыз), азаптау арнайы прокурорлардың айналысатын қылмыстар тізіміне қосылған болатын. Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы, *Қазақстандағы азаптаумен күресу: анықтамалық ақпарат*, Алматы, 2015, 5-б.

<sup>87</sup> Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясы, «Азаптаумен күресу: біз жеткілікті күш саламыз ба?» *Қазақстанның азаптауға қарсы ҰЕҰ Коалициясының баяндамасы*, Алматы, 2013 ж. маусым, 7-б.

<sup>88</sup> Қазақстан Республикасы Бас прокурордың «Прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеуді ұйымдастыру Нұсқаулығын бекіту туралы» 2015 ж. 27 наурыздағы № 48-бұйрығы, [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38331001](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38331001) (2015 ж. 16 шілдеде қаралды) (Қазақстан Республикасы Бас прокурордың 2015 ж. 27 наурыздағы бұйрығы).

2012 ж. 12 шілдеде екі полиция офицері сыраhana иесі Ольга Шарафутдинованы тиісті емес уақытта сыра сатқаны үшін қамауға алуға тырысты. 12 және 16 шілде аралығынағы басқа оқиғада Ольга және оның анасы Елена Шарафутдиновалар айтуынша, олар полиция тарапынан зорлық-зомбылық пен қатыгез іс-әрекеттерге ұшыраған, әйелдер өздерінің заңсыз ұсталуына қарсы болып, шағым берген соң мәжбүрлі түрде есірткі тестінен өткізді, қорқыту мен қатыгездікке тағы ұшырады. Олар құжатсыз қабылдау орталығында ұстау себептерін білмей, адвокатпен кездесе алмай отырды.

19 шілдеде Ольга және Елена Шарафутдиновалар Қостанай әкімшілік сотында қамауға алуға қарсылық көрсетті деп айыпталды. Судья бұл істің полиция тарапынан билікті асыра пайдалануға көбірек ұқсайды деп айтқанына қарамастан, ол полицияға қарсы іс қозғауға бұйрық шығарған жоқ. Тамызда Ольга заңсыз алкоголь ішімдіктерін сатты деп тауып, 8000 тг. айыппұл салды (US\$40 көлемінде).

Осы сот шешімінен кейін Ольга және Елена Шарафутдиновалар полиция қызметкерлерін жауапқа тартуға тырысты. 2012 ж. шілдеде Ольга Шарафутдинова Қостанай полиция департаменті мен Қостанай прокуратурасына шағым түсірді. Екі шағым да Қостанай полициясының ішкі қауіпсіздік бөліміне қаралуға түсті, бірақ қалалық полиция қылмыстық іс қозғаудан бас тартып, полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеттер дәлелдері жоқ деп негіздеді. 2012 ж. 1 амызда Ольга бас тартуға қарсы Қостанай облыстық прокуратурасына шағымданды, ал ол тағы да Қостанай полициясы ішкі қауіпсіздік бөліміне шағымды «қосымша тексеруге» жіберді. 2012 ж. 1 қыркүйекте бірінші шағымды қараған ішкі қауіпсіздік қызметкері тағы да «қылмыс құрамы жоқ» деген себеппен іс қозғаудан бас тартты. Ольга осы екінші бас тарту туралы шешімге Қостанай облыстық прокуратурасына шағымданды, ол 16 қазанда шағымды үшінші рет «қосымша тексеруге» ІІД ішкі қауіпсіздік бөліміне жіберді. Бір айдан кейін 16 қарашада сол баяғы тергеуші тағы да қылмыстық іс қозғаудан бас тартты, ал Қостанай қалалық прокуратурасы бұл шешімді 2012 ж. 24 желтоқсанда күшінде қалдырды. 2013 ж. 25 қаңтарда Ольга Қостанай облыстық прокуратурасына қарсылығын жіберіп, одан іс тағы да ішкі қауіпсіздік бөліміне жіберіліп, сол бөлім төртінші рет 2013 ж. 1 ақпанда іс қозғаудан бас тартты. Ол өзінің шешімін соңғы рет бас тарқанда, кері жауап прокуратурамен жойылған деп негіздеді.

2013 ж. 5 наурызда Қостанай облыстық прокуратурасы осы шешімді қолдады. Бірақ, 2013 ж. 26 сәуірде азаптауға қатысқан полиция қызметкерлеріне қарсы өкілетті және билікті асыра қолдану бабы бойынша қылмыстық іс қозғап, ІІД ішкі қауіпсіздік бөлімін осы істі тергеуге бұйрық берді. Осы сатыда облыс прокуроры қылмыстық іс қозғау себептері түсініксіз. Жаңа ішкі қауіпсіздік бөлімнің тергеушісі 2013 ж. мамырда істі тоқтата тұрып, жазда оны дәлелдің жоқтығынан жапты. 2013 ж. 25 қарашада Қостанай облыстық прокуратурасы осы шешімді қайта қарап, оны қаржы полициясына ергелуге жіберді. Бірақ, қаржы полициясы 2013 ж. 27 желтоқсанда істі тоқтатты. 2014 ж. 29 қаңтарда Қостанай облыстық прокуратура осы шешімді бұзып, істі тағы да қаржы полициясына жіберді, ал ол қайтадан істі тоқтатты.

2014 ж. 7 наурызда Қостанай облыстық прокуратурасы қаржы полициясының соңғы шешімін бұзып, енді ісі «объективті тергеу үшін» Қостанай облысының арнайы прокурорлар бөліміне жіберді. 2014 ж. 12 сәуірде арнайы прокурорлар бөлімінің

прокуроры иергеуді тоқтата тұрып, кейін оны қайта бастады. Іс ақыры сотқа дейін жетті. Елена мен Ольгаға қатыгез іс-әрекет жасаған үш полиция қызметкерлеріне қатысты сот процесі «зорлық-зомбылықты қолдану немесе оны қолданумен қорқыту арқылы билікті асыра пайдалану» айыбы бойынша 2014 ж. 29 шілдеде 2-і Қостанай қалалық сотында басталды.<sup>89</sup> 2014 ж. 1 қыркүйекте екі полиция қызметкерлері айыпты деп табылды және әрқайсысы шартты түрде екі жылға сотталды. 2014 ж. қарашада Қостанай облыстық сотының апелляция сатысында жазаны бес жылға дейін ұзартты және оның үш жылына пробация тағайындады.

АПБ-ң мандатын азаптау туралы шағымдарды тергеу арқылы кеңейту жағымды қадам болып, Қазақстан биліктерінің мүдделер қайшылығы, бейтараптылы пен тәуелсіздік мәселелерін шешуге дайындығын көрсетеді. Кейбір жағдайларда, мысалы, Ольга және Елена Шарафутдиновалардың оқиғасындай (жоғарыда айтылған), АПБ-р азаптауға қатысты шағымдарды тергеуде өз нәтижелігін дәлелдеген, бірақ Amnesty International зерттеуі бұл ереже есем, сирек жағдай екенін көрсетеді. АПБ жүргізген тергеулердің сапасы әркез қанағаттандырмайды, заң бойынша өкілеттігі бар болғанымен, көптеген жағдайда инерция бойынша немесе мүмкіндіктің жоқтығынан ондай істерді тергеуде белсенділік таныпайды.

Ресурстар мен қабілеттің жоқтығы өте маңызды фактор болып табылады: бір адвокат Amnesty International-ға айтқандай, өзі кездескен облыстық арнайы прокурор төрт аймаққа жауапты және көмекшілері жоқ екен.<sup>90</sup>

Азаптаудың жазасыздығының тағы бір себебі қылмыстық тергеуді реттейтін заң құжаттарының анықсыздығы болып табылады. Бас прокурордың азаптау туралы шағымдарды белсенді қарау бұйрықтары Қылмыстық іс жүргізу кодексіне бағынады. Істегі заң құжаттары мен ішкі бұйрықтарда олар азаптауға қатысты барлық оқиғалары бойынша тергеу жүргізу керектігін анық белгілемейді. Ең соңғы бұйрықта мүдделер қайшылығы бар болса ғана тергеу жүргізу керек деп айтылып, оны өздері жүргізу керектігі немесе тергеуді қадағалау ғана керек екендігі анық айтылмайды.<sup>91</sup> Іс жүзінде жалпы ережелер бойынша, азаптау және қатыгез іс-әрекеттерге қатысты істерді прокуратураның қадағалауымен қаржы полициясы не қылмыстық полициясы болсын, құқық қорғау органдары тергеуі тиіс.

Анықтықтың жоқтығы осы баяндамада көрсетілген оқиғалардай, АПБ өз рөлін тікелей тергеу емес, тергеуді қадағалау деп түсінеді. Осы қадағалау рөліне сәйкес АПБ құқық қорғау органдары жүргізген тергеу нәтижелеріне бағынышты болып, тәуелсіз тергеу жүргізудің орнына азаптауға кінәлі органдардың ішкі қауіпсіздік бөлімдеріне қайта-қайта жібереді. АПБ сонымен бірге, азаптау және қатыгез іс-әрекеттерді тәуелсіз және нәтижелі тергеуден көрі құқық қорғау органдарымен корпоративтік ынымақтастықты сақтауға тырысады. Мысалы, енді азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер міндетті түрде қылмыс ретінде қаралуы тиіс, ал полицияның ішкі ережелері болжамды тәртіптік бұзушылықтар бойынша ішкі тергеулер жүргізілуі мүмкін деп айтады. Қызметкерлері бұзушылық жасады деп айыпталған ведомствоның өзі осы ішкі тергеулерді жүргізеді, яғни, бейтапаты емес болып табылады. Адвокаттардың айтуынша, кейбір жағдайларда ішкі тергеу нәтижелері азаптау не қытгез іс-әрекеттер болмаған деген тұжырымға негіз береді.

Осындай кемшіліктер Анатолий Кривобоктың ісінде анық көрінеді. АПБ оның ісін негізсіз деп, жабуға тым дайын болды.

<sup>89</sup> Жаңа Қылмыстық кодексінің 308-б., 4-т. (бұрынғы Қылмыстық кодексінің 362-б., 4-т.).

<sup>90</sup> Адвокат Гульнара Жуаспаевамен сұхбат, 2015 ж. 6 қыркүйек, Алматы.

<sup>91</sup> Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 2015 ж. 27 наурыздағы № 48-бұйрығы.

## АНАТОЛИЙ КРИВОБОКОВ

**1984 ж. туған Анатолий Кривобоков полиция қызметкерлерінің қолынан азаптауға ұшырағаннан кейін қылмысты мойындап, кейін осы мойнына алған жауаптан бас тартты. Бірақ, Анатолий 2013 ж. сот үкімі бойынша зорлау үшін 14 жарым жылға бас бостандағынан айырды.**

Анатолий Кривобоков 2013 ж. 7 қаңтарда қамауға алынып, бірақ оның қамалуы тек 8 қаңтарда тіркелді. Тіркелмеген мерзім ішінде Анатолий Кривобоков Алматы облысының Қаратал ауандық полиция бөлімінде азаптауға ұшыраған деп баяндалады. Бір полиция қызметкері оны басынан, бүйрегінен ұрып, тепкен, пистолетпен қорқытқан. Басқа екі полициялықтар қолын арқасына жіберіп, кісен салды, сосын орындаққа отырғызды. Бір қызметкер аяғынан ұстап, екіншісі басына пластикалық дорба кигізіп, ол тұншыққаннан есінен таңғанша дорбаны шешпеген. Осылай бес-алты рет істеген. Олар Анатолий Кривобоковты кінәсін мойындамаса, сыртқа шығарып, атып өлтіреміз, сосын қашқанда өлтірдік деп айтамыз деп қорқытты. Оны ұйықтатқызбай, түні бойы аяғынан тік тұрғызған. Анатолий Кривобоков 8 қаңтарда «мойындағаннан» кейін оны қараған соттық медициналық сарапшылар денесінде көптеген жарақаттарды тапты, бұл өткен 24 сағаттың ішіндегі азаптаудың іздері еді.<sup>92</sup>

Анатолий Кривобоков 2013 ж. 10 қаңтарда зорлау үшін кінәлі деп табылды. Келесі күні ол полициядағы камерада өзіне-өзі қол жұмсауға тырысты, сосын ауруханаға жеткізілді. Өзінің ісі бойынша судьяға ұмауда болғанында азаптау және қатыгез әрекеттер туралы, мойындауға мәжбүр болғанын айтуға тырысып еді, судья оған азаптау туралы шағымдарды қарамайтынын, ондай шағымды прокуратураға жіберу керек деп айтты.<sup>93</sup> Сот барысында 2013 ж. 20 наурызда Анатолий Кривобоков тағы да азапталып, мойындауға мәжбүр болғаны туралы шағым берді, бірақ судья оның сөзіне сенуге болмайтыны туралы, шағымдану мүмкіндіктерді сотқа дейін пайдалану керек еді деп айтты. Анатолий 2013 ж. 24 мамырда екінші рет өзіне-өзі қол жұмсауға тырысты.

Шынында Анатолий Кривобоков 2013 ж. 14 қаңтарда Алматы облыстық прокуратурасына азаптау туралы шағымданған. Прокуратура арнайы прокурорар бөлімі өткізген тексерістен кейін (бірақ полицияның ішкі қауіпсіздік бөлімі қараған) шағымды негізсіз деп тапты, өйткені көрсеткен полиция қызметкерлері азаптау қолданғандарын мойындамады. Анатолий Кривобоков «алдын ала тексеру» сатысында ешқандай құқықтық мәртебесі болмағандықтан, өзі де, адвокаты да азаптау бойынша тексеру материалдарына қол жеткізе алмады. Анатолий Кривобоков қылмыстық іс қозғаудан бас тарту жауапты Бас прокуратураға шағымданды. Екінші рет шағымданғанда Бас прокуратура Анатолийдің сөзінен басқа, азаптаудың ешқандай дәлелдің жоқтығынан қылмыстық іс қозғалмады деп жауап берді.

<sup>92</sup> АҚЗСҚХБ, *Қазақстандағы азаптау және кінәлілерді жазалау жағдайы*, 33-б.

<sup>93</sup> Жоғарғы Соты судьяларға шығарған қаулысында сот барысында азаптау туралы шағымдарды ескеру керектігін айтып, бірақ судьялар тарапынан сотталушының полицияда қамауда болғанда қандай қатыгез әрекеттерге ұшырағаны туралы шағымдар бойынша белсенділік таныту керектігін анық белгілеген жоқ.

АПБ азаптау туралы шағымдарды қарай алатындары туралы өзгерістер енгізілгеннен кейін көп ұзамай 2011 ж. желтоқсанда Жаңаөзендегі оқиғалар болды (толығырақ 15–б. қараңыз), қақтығыстарға қатысты деп айыпталғандарды полиция азаптаған деген мәліметтер түсті. Тәуелсіз тергеу жүргізу өкілеттігі бар болғанына қарамастан, АПБ азаптау туралы шағымдарды тергеуге кіріскен жоқ және істі азаптау қолданды деп айыпталған органға тексеруге жіберді.

## **АПБ ЖАҢАӨЗЕНДЕГІ ОҚИҒАЛАРДАН KEЙІН АЗАПТАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫГЕЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ДҰРЫС ТЕРГЕГЕН ЖОҚ**

2011 ж. Жаңаөзендегі қақтығыстарға қатысып, ұйымдастырған деген айыппен қамауға алынып, кейін сотталғандардың көбісі қамауда болғанда азаптауға және басқа да қатыгез іс-әрекеттерге ұшырағандарын сотта айтты. Осыған жауап бере, Ақтау қалалық соты Бас прокуратураға осы шағымдарды тергеуге бұйрық берді. Бас прокуратура арнайы прокурорлар бөлімдеріне тергеу жүргізуге нұсқау берді, ал олар істі Ішкі істер министрлігінің ішкі қауіпсіздік департаментіне тергеуге жіберді. Бұл департамент айыпталушыларды азаптаған қызметкерлер жұмыс істейтін ведомствоның бір бөлігі болып табылады. Ішкі қауіпсіздік департаменті бірінші тексерісті өткізіп, іс қозғауға негіз жоқ деп тапты.

Тексерістің ешқандай нақтылықтары жарияланған жоқ. Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттердің адвокаттары тексеру нәтижелерін қайта қарауды сұрады, бірақ ішкі қауіпсіздік департаменті болжамды қылмыскерлерге қарсы ешқандай дәлелдердің жоқтығы туралы жалпы жауап қана берді. 2012 ж. мамырдағы сотта ішкі қауіпсіздік департаменті жүргізген тексерістің объективтілігі мен бейтараптылығы туралы еш сұрақ қоймай, сотты әрі қарай азаптау және басқа да қатыгез әрекеттердің жоқ болған деген тұжырыммен жалғастырды. Сотталғандардың жетеуі жеті жылға дейін бас бостандығынан айырылды.

Осы шағымдардың бәрін қақтығыстарға қатысқаны үшін ұсталып, кейін еш айыпсыз босатылған басқа адамдардың бәрі растады. Осыған қарамастан, бірінші сатыдағы сот бұйрық еткен шағымдардың тексерісі қылмыстық іс қозғау үшін сенімді дәлел таба алмаған соң, төраға судья және Бас прокуратура одан бас тартты. Жалған жауап беруге мәжбүрленген куәларды азаптау бойынша ешқандай тергеу жүргізілген жоқ. Осының бәрі бірінші сатыдағы соттың барлық мән-жайларды қаншалықты нақты зерттегені туралы сауал тұғызады.

АПБ басынан бастап азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы істер бойынша дұрыс жұмыс істеп, өз мандаттарына сәйкес тергеу жүргізген бірнеше істер бар. Олардың бірі Руслан Баймағамбетовтың ісі.

## **РУСЛАН БАЙМАҒАМБЕТОВ**

21 жасар **Руслан Баймағамбетов** 2013 ж. қазанда Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданында ақша ұрлады деген сезікпен ұсталғаннан кейін полицияда азаптауға ұшырады. Оны 20 минуттай ұрып-соғып, зорлаймыз деп қорқытқан. Адвокатына белгісіз себеппен бұл іс дереу тергелу үшін арнайы прокурор бөліміне жіберіліп, тез арада сотқа жетті. Сот

сотталушыларды азаптауға кінәлі деп тауып, екі және екі жарым жылға бас бостандығынан айырды.

Басқа іс бойынша Серік Баймағамбетов,<sup>94</sup> Қаржы министрлігі Кеден Комитетінің бұрынғы бастығы (ол жемқорлыққа қатысты сотталып, өзіне тыр жалаңаш әжет хана тазалатып, психологиялық қысымға түскені туралы шағымданды) босатылғаннан кейін азаптау туралы шағым жасады. Іс арнайы прокурорлар бөлімімен тергеліп, 2013 ж. қыркүйекте түрме қызметкері азаптағаны үшін екі жарым жылға бас бостандығынан айырылды.<sup>95</sup>

2013 ж. қыркүйекте адвокаттармен сөйлескенде, арнайы АПБ-рі ертерек араласатын немесе жоғары лауазымды құрбандардың шағымдары бойынша «жедел» қаралып, кінәлілер тез уақытта жазаланатын істердің бар екенін анықтады. Осыған қарама қайшы басқа істер бойынша арнайы прокурорлар бөлімі адвокаттардың өтініші бойынша ғана араласып, кері жауап беретін істер көбірек кездеседі. АПБ барлық азаптау істерін тергеуге өкілетті болғанымен, жеке жағдайларда ғана және жүйелі емес түрде араласады; бір адвокат атап көрсеткендей, жиі жағдайда арнайы прокурордың нақты бір іске араласуы түсініксіз болады.<sup>96</sup>

Примечательно, что УЕҰ-ң қызметкерлері мен адвокаттардың қысымы АПБ-н кейбір оқиғаларда азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттердің нәтижелі тергелуіне әкелді. Бұл АПБ-ң Қазақстандағы құрбандарға әділсотқа қол жеткізудегі қабілетін және қоғамдық бақылаудың маңыздылығын көрсетеді.

## ИВАН РОЖНОВ

**Арнайы прокурорлар бөлімі азаматтық қоғаммен бірге нәтижелі жүргізген тергеуден кейін Солтүстік Қазақстандағы Петропавл қалалық соты 2012 ж. 26 қарашада екі полиция қызметкерлерін азаптауға кінәлі деп тауып, әрқайсысын бес жылдан астам бас бостандығынан айыру жазасына кесті.**

Екі полиция қызметкері 20 жасар Иван Рожновты азаптады деп тапты. Олар жігіттің лабораториядағы ассистент болып жұмыс істейтін жоғары оқу орыннан ноутбук ұрлады деп мойындаға мәжбүрледі. Азаптаудан қорқып, Иван ауылдағы үйінен қалаға әкеткен полиция көлігінен секіріп шықты. Ол минус 30°C суықта орманда адасып қалып, аяқтарын үсітіп алды. Осының салдарынан екі аяғын да ампутациялаған.

Иван Рожновтың ұсталу және азапталу нақтылықтары әуелде жергілікті қоғамдық бақылау комиссисына (ҚБК) белгілі болды, одан кейін бұл іс бүкіл бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып, оны жасыру қиын болды. Нәтижесінде, тергеу жүргізген арнайы прокурорлар бөлімі және қаржы полициясы Иван Рожновты азаптаған полиция қызметкерлерін әділсотқа жеткізуге және құрбанға заңгерлік көмек көрсетіп жүрген УЕҰ-

<sup>94</sup> Руслан Баймағамбетов және Серік Баймағамбетов бір-бірімен байланысты емес.

<sup>95</sup> Today News, “Айыптау колония қызметкеріне Бамағамбетовқа азаптау қолданғаны үшін үш жыл сұрады”, 2015 ж. 24 тамыз, <http://todaynews.kz/obvinenie-prosit-tri-goda-dlya-sotrudnika-kolonii-za-primeneniye-pytok-k-bajmaganbetovu/> (2015 ж. 24 қыркүйекте қаралды) және Азаттық Радиосы, “Баймағамбетовты азаптауға кінәлі сотталды”, 2015 ж. 15 қыркүйек, <http://rus.azattyq.org/archive/news-azattyq/20150915/360/360.html?id=27249329> (2015 ж. 24 қыркүйекте қаралды).

<sup>96</sup>Адвокат Хамида Айтқалиевамен сұхбат, Астана, 2015 ж. 2 қыркүйек.

мен (қылмыс құрбандарына мемлекет тегін заңгерлік көмек бермейді) тығыз ынтымақтасуға мәжбүр болды. ҚБК мүшелері сотқа куәгерлер ретінде шақырылды. Қазақстанның азаптауға қарсы YEҰ Коалициясы тергеу жүргізілген жерге қосымша адвокатты жалдап, іске қатысатын заңгерлерге құқық қорғау органдарынан қорғалу үшін көмекке жіберген.

Иван Рожнов компьютер ұрлағаны үшін ешқашан айыпталған жоқ. Сотталған полиция қызметкерлері Петропавл қалалық соттың үкіміне шағымданып, Солтүстік Қазақстан облыстық соты олардың бас бостандығынан айыру мерзімдерін төрт жарым және үш жылға дейін түсірді. Иван Рожновтың пайдасына 700 мың теңге (US\$3,800) «моральдық зиянды» өтеу ретінде тағайындады.

## ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАР

Қазақстан биліктері азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттерді бақылау және тергеуге қоса алатын сыртқы бақылаудың маңыздылығын мойындады. Сонымен бірге, қоғамдық бақылау комиссияларының (ҚБК) түрмелер мен басқа да жабық мекемелерде бақылау жүргізудегі рөлін мойындады.

2010 ж. 3 ақпанда Қазақстан ЕҚЫҰ-на сол жылы төрағалық еткенде және БҰҰ Адам құқықтары бойынша Кеңесінде бірінші Жалпы мерзімдік шолуды ұсынар алдында бірнеше күн бұрын Қазақстанның Бас прокуроры, Әділет министрі, Ішкі істер министрі, Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің Төрағасы және Экономикалық және жемқорлық қылмыстармен күресу жөніндегі Агенттіктің (қаржы полициясы) Төрағасы «Азаптау және басқа да алдын ала терге, тергеу жүргізудің заңсыз әдістері туралы шағымдарды тексеруде құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғам субъектілерімен өзара ынтымақтасу туралы» бірлескен бұйрыққа қол қойды.<sup>97</sup> Осы ынтымақтастықтың тетігі ҚБК болып табылады, олар 2004 ж. Бастап жұмыс істейтін әр облыстағы өзін-өзі басқаратын ұйымдар.<sup>98</sup> ҚБК 3-11 сарапшылардан<sup>99</sup> және YEҰ өкілдерінен тұрады. ҚБК Ішкі істер министрлігі қарамағындағы жабық мекемелерде бақылау жүргізуге құқылы, оның ішінде түрмелерге, сотқа дейінгі қамауда ұстау орындары, полиция учаскелеріндегі ұстау орындары.<sup>100</sup> ҚБК мүшелері 2013 ж. шілдеде Алдын ала тетігіпайда болғанға дейін ИІМ және Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің жабық мекемелеріне барып бақылай алатын жалғыз азаматтық қоғам өкілдері болатын. 2015 ж. жағдай бойынша, елдің әр аймағында біреуден және Астанада бір ҚБК болған, жалпы 15 ҚБК.<sup>101</sup>

2010 ж. Бірлескен бұйрық бойынша, облыстық және аудандық құқық қорғау органдары өздеріне түскен азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдар туралы жергілікті прокурорға хабарлауы тиіс. Бірлескен бұйрыққа сәйкес, ҚБК азаптау және басқа да

<sup>97</sup> 2010 ж. 3 ақпандағы бірлескен бұйрықты қараңыз.

<sup>98</sup> Халықаралық түрме реформасының Аймақтық директоры Азамат Шамбиловпен сұхбат, 2015 ж. 31 тамыз, Астана.

<sup>99</sup> Арнайы мекемелерде қоғамдық бақылау жүргізу үшін облыстар, республикалық мәртебесі бар қалалар және астананың қоғамдық бақылау комиссияларын құру ережелерін бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 ж. 24 маусымдағы № 702-қаулысы.

<http://tengrinews.kz/zakon/docs?ngr=P1100000702#z5> (2015 ж. 7 шілдеде қаралды).

<sup>100</sup> ҚБК туралы толығырақ білу үшін Халықаралық түрме реформасы, «Қоғамдық және бақылау комиссияларының түзету және арнайы мекемелерде мониторинг жүргізу бойынша ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ», Халықаралық түрме реформасы / OSI / Ұлыбритания Астанадағы Елшілігі, 2012.

<sup>101</sup> Қазақстанның азаптауға қарсы YEҰ Коалициясы, *Қазақстандағы азаптаумен күресу*, 1-б.

қатыгез іс-әрекеттерге түскен шағымдардың алдын ала тексеруіне қатысуы мүмкін. Мысалы, құқық қорғау органдары ҚБК мүшелеріне қамаудағы құрбандармен сұхбат өткізуге рұқсат беруі мүмкін және осы жауаптар шағымды қарауға жауапты органға шешім қабылдау үшін дәлел ретінде ұсынылуы мүмкін. Бұйрықта сонымен бірге құрбандардың тиісті өтемақы алу құқығы және азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттер бойынша жүргізілетін тергеу нәтижелері туралы бұқаралық ақпарат құралдарына хабарлау құқығы бар екеніне назар аударады. Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінің ережелері азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы хабарламалардың бәрі міндетті түрде қылмыстық іс ретінде тіркелу керектігін көздейді, енді алдын ала тергеу жүргізілмейді. Бұл бұйрық ҚБК әлі де қамаудағы азаптау құрбандарына қол жеткізіп, олармен сенімді аяда сөйлесе алуын қамтамасыз ететіндей өзгертілуі тиіс.

Кей бір жағдайда ҚБК азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттерді тиісті тергеу үшін қысым жасауда жақсы нәтижеге ие болған. Жандос Сағатовтың ісі осыны анық көрсетеді.

## ЖАНДОС САҒАТОВ

Алматы қоғамдық бақылау комиссиясы (ҚБК) 2010 ж. 31 наурызда бақылау жүргізгеннен кейін Алматы облысындағы ЛА-155/8 колониясында отырған 27 жасар Жандос Сағатовтың шағымы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қылмыскерлер арасында бес жоғары лауазымды трме қызметкерлері мен төрт сотталғандар болды. 2010 ж. 15 маусымда Бас прокуратура арнайы прокурордың қадағалауында болатын облыстық полиция тергеушісі мен үш облыстық қаржы полиция қызметкерлерінен тұратын тергеу тобын құру туралы бұйрық шығарды. Тергеу барысында арнайы прокурор билікті асыра пайдалану бастапқыда қойылған айыпты азаптауға өзгертті. 2011 ж. 18 наурызда Қапшағай қалалық соты бұрын болмаған үкім шығарып, түрме қызметкерлерін бес жыл екі айдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айырды.

Алматы ҚБК бастығы Ардақ Жанәбілованың айтуынша, бұл жеміске нәтиже «қоғам мен прокуратураның бірлескен күш салуы» арқылы қол жеткізді. ҚБК шынында да басында түрмеге барған кезде оқиғаны анықтап, Жандос Сағатовқа шағым беруге көмектесті. ҚБК оған адвокат жалдап, медициналық көмек көрсетті, ал Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы БАҚ-мен жұмыс істеп, Жандос Сағатовтың азапталуына назар аударту үшін қоғамдық науқан өткізді. ҚБК АПБ-мен тергеу барысында тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеді, ҚБК мүшелері сот барысында тәуелсіз куәлар ретінде қатысты. Бұл тығыз ынтымақтастық БАҚ-ғы қызу науқанмен бірге азаптау шағымдары дұрыс қаралып, кінәлілер жауапқа тартылатынына сенім арттырады.

Бірақ, іс жүзінде 2010 ж. Бұйрық кең қолданылмайды. Қазақстанның кейбір жерлерінде ҚБК өздерінің мандаты туралы толығымен білмейді, сондықтан қазақстандық биліктер азаматтық қоғаммен ынтымақтасу мүмкіндігінен бас тартады. Осыған қоса, ҚБК қызметінде және мүмкіндіктерінде көп шектеулер бар. Мысалы, ҚБК бақылауына Ішкі істер министрлігінің кейбір мекемелері, мысалы, колония-қоныстар бақылауға жатпайды және ҚБК ескертусіз, аймақ аралық бақылау жүргізе алмайды.<sup>102</sup>

<sup>102</sup> Халықаралық түрме реформасының Аймақтық директоры Азамат Шамбиловпен сұхбат, 2015 ж. 31 тамыз.



ҚБК-н азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттерді бақылау тетігі ретінде шектеу 2011 ж. желтоқсанда Жаңаөзендегі оқиғалардан кейін (толығырақ 15–б. қараңыз) пайда болды. ҚБК тәуелсіз мониторлары ұсталған адамдардың азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдарын барып көру мүмкіндіксіз қиын болды. Биліктер ресми тергеуге қосылу рұқсат етілген болса да, алдын ала ескертусіз барып бақылауға рұқсат етілмейді, бақылау кезінде қызметкерлер жандарында болып, қамалғандармен көзбе-көз сөйлестірмейді.

ҚБК азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдардың азаматтық қоғам жүргізетін тәуелсіз қаралуын қамтамасыз етуге қабілеті бар, бірақ олар тиісті ресурстармен қамтамасыз етіліп, институт ретінде қоғам сеніміне ие болу үшін күшейтілуі тиіс.

## ҰЛТТЫҚ АЛДЫН АЛУ ТЕТІГІ (ҚАТ)

2013 ж. Қазақстан Азаптауға қарсы Конвенцияның (2008 ж. ратификацияланған) Қосымша Хаттамасына сәйкес міндеттемелерін орындау үшін Ұлттық алдын алу тетігін ұйымдастыруға керекті заң құжаттарын қабылдады.<sup>103</sup> 2014 ж. қаңтарда Адам құқықтары бойынша Омбудсманның басқаруымен барлық ҰАТ мүшелерінің жұмысын ұйымдастыру үшін Үйлестіру Кеңесі құрылды. 2014 ж. 19 ақпанда Үйлестіру Кеңесі өзінің бірінші отырысында азаматтық қоғам топтарынан ҰАТ мүшелерін іріктеп, олар бүкіл Қазақстан бойынша жабық мекемелерді бақылай бастады.

ҰАТ құрылуы жағымды қадам болды, бірақ Amnesty International оның қазіргі мандаты барлық жабық және мекемелерді қамтымайтынына алаңдайды. Мысалы, ҰАТ бақылау тобы полиция учаскелерін тексере алмайды (оларда жиі жағдайда сезіктілерден жауап алады). Сонымен бірге, ҰАТ Үйлестіру Кеңесі омбудсмен офисінің басқаруымен жұмыс істейтіні оның тәуелсіздігіне күмән келтіреді, өйткені Қазақстанда омбудсмен Президенттің өзімен тағайындалады және оның қызметі Президент үкімімен реттеледі.<sup>104</sup>

ҰАТ жылдық баяндама омбудсменмен бекітіліп, жарияланғанша, өздерінің баяндамаларын жариялай алмайды. Amnesty International-мен сұхбаттасқанда, Адам құқықтары бойынша Ұлттық орталық басшысы (омбудсменнің қарамағында) ҰАТ қызметінің нәтижелігі мен қабілетін төмендететін тағы бір жағы ол бюджеттік шектеулер, Үйлестіру Кеңес аймақтардағы топтарға жоғары сапалы мүшелерді іріктеуде қиындыққа тап болады.<sup>105</sup>

ҚБК сияқты ҰАТ-ң бюрократиялық шектеулері бар: жоспарланбаған жедел бақылау жасау керек болғанда ҰАТ мүшелеріне омбудсманның жазбаша рұқсаты керек және оны жұмыс уақытында алу керек, бұл ҰАТ-ң азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы ақпарат алғанда, жылдам жауап беру мүмкіндігін шектейді.

---

<sup>103</sup> АҚЖКБ, “Азаптауға және басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияның Қосымша Хаттамасы”, CAT/OP/12/5, 3-б.

<sup>104</sup> Бұл мынадайды білдіреді, яғни омбудсман «Ұлттық институттар мәртебесіне қатысты ұстамдардағы» (Париж ұстамдарына) сәйкес келмейді”, осы ұстамдар БҰҰ Бас Ассамблеясының 48/134-резолюциясымен 1993 ж. 20 желтоқсанда қабылданған.

<sup>105</sup> Адам құқықтары бойынша Ұлттық орталық (омбудсман офисі) басшысы Вячеслав Калюжныймен сұхбат, 2015 ж. 2 қыркүйек, Астана. Бұл Халықаралық түрме реформасының Аймақтық директоры Азамат Шамбилловтың сұхбатымен үндес, Астана, 2015 ж. 31 тамыз.

ҰАТ-ң басты рөлі күзетулі орындарда (оның ішінде түрмелер мен тергеу изоляторларында) азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттердің алдын алу болып табылады. Ол азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы жеке шағымдарды қабылдауға міндетті емес, оның міндеті шағымдарды омбудсман офисіне жіберу ғана. 2014 ж. ҰАТ азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттерді қолдану туралы 42 шағым алды, ал 2015 ж. сегіз айында 23 шағым алды. ҰАТ 2014 ж. Қаңтарда жұмыс істей бастады. Осы шағымдардың ішінен алтауы бойынша ғана қылмыстық істер қозғалып, екеуі сотқа дейін жетті.<sup>106</sup> Amnesty International 2015 ж. қыркүйекте сұхбаттасқан респондеттер (оның ішінде бұрынғы ҰАТ мүшелері) ҰАТ-не түскен азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдар бойынша кейбір жағдайда еш әрекет жасалмайды деп атап көрсетті.<sup>107</sup> Бұл ҰАТ азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттерді анықтау (және ең алдымен, олардың алдын алу) бойынша нәтижелі тетік ретінде қоғамдық сенімін жоғалтады деген қауіп тудырады. ҰАТ басқаратын омбудсман офисі де ҰАТ рөлін жақсырақ түсіндіруі мүмкін, оның шініде азаптау туралы шағымдарды алып қана, тіркеудің ең жақсы жолы емес екенін.

---

<sup>106</sup> Адам құқықтары бойынша Ұлттық орталық (омбудсман офисі) басшысы Вячеслав Калюжныймен сұхбат, 2015 ж. 2 қыркүйек, Астана.

<sup>107</sup> Халықаралық түрме реформасының Аймақтық директоры Азамат Шамбиловпен сұхбат, Астана, 2015 ж. 31 тамыз және заңгер Анара Ибраевамен сұхбат, 2015 ж. 1 қыркүйек, Астана.

# ТҰЖЫРЫМДАР

Кеңінен жасырылатын құбылысты құжаттау және бағалау қиын болса да, азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер Қазақстандағы ең үлкен мәселелерінің бірі екеніне ешкім күмәнданбайды. Ол басым болып кеткен жазасыздық мәдениетіне байланысты. Соңғы онжылдықтағы біркелкі емес реформалар адам құқықтарының осындай жан түршігерлік бұзушылықтарды елеулі түрде қысқарта алмады. Жылдам мәдени жіне ұйымдастыру өзгерістерге қол жеткізу қиын; түбегейлі институционалдық реформаның да жүзеге асырылуы екіталай. Дегенмен, қазіргі институционалдық құрылымның ішінде де азаптау және қатыгез іс-әрекеттер мәселесін бүгінгіге қарағанда, нәтижелілеу шешу үшін Қазақстан істей алатын нақты қадамдар мен жеңіл жасалатын өзгерістер бар.

Қазақстан биліктері біріншіден, азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды тергеу бойынша қолда бар тетіктердің нәтижелі жұмыс істейтінін қамтамасыз ету үшін көбірек жұмыс жасау керек. Бастама үшін прокурорлар азаптау туралы шағымдарды тергеуге дейін жеткізбейтін «кетікті» жамау үшін қылмыстық процесі барысында процессуалдық «бұзушылықтар» туралы барлық шағымдарды қайта белгілеуі керек. Полицияға шағымдарды қарау бойынша толығымен тәуелсіз тетіктер пайда болғанша, АПБ-ң азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдарды тергеудегі рөлін арттыру керек. Олар саны аз істер бойынша өзінің нәтижелігін көрсетіп үлгерді. Олардың құзыретіне міндетті түрде барлық азаптау туралы шағымдарды тергеу жауапкершілігі жатқызылуы тиіс, олар тек сөз жүзінде ғана құқық қорғау органдары жүргізетін тергеуді басқармай, өздері тікелей тергеуге қатысуылары тиіс.

Екіншіден, ҰЕҰ-ң бұзушылықтарды тіркеу және құрбандарға көмектесудегі жағымды рөлі тергеу органдарымен тең мойындалуы тиіс. Қазақстандағы азаптау мен қатыгездікпен құрбандарының әділсотқа қол жеткізу және зиянды өтеу алдында тұрған кедергілер бар болған жағдайда, толығымен тәуелсіз тергеу жоқ болғанда құрбандар мен олардың отбасыларын қолдап, араласқан аздаған ҰЕҰ-р оларға заңгерлік көмек, психологиялық кеңес пен моральдық қолдау көрсетіп, дәлелдерді жинап, рәсімдейді. ҰЕҰ-р құрбандардың әділсотқа жету жолындағы елеулі кедергілерден өтуге күш салуында, әсіресе мемлекеттік ведомстволардың бас тартуын, мүдделер қайшылықтарын жоюда маңызды рөл атқарады. Биліктер осы саладағы ҰЕҰ-р қызметіне түсіністікпен қарап, олардың осындай маңызды жұмысын жалғастыруын қамтамасыз етуі тиіс.

ҚБК қамауда ұстау орындарына кедергісіз кіруі тиіс, сонымен бірге, азаптау туралы шағымданған сотталғандармен сөйлесу құқығына ие болуы тиіс; осы құқықтар заңмен мойындалып, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен сақталуы тиіс. ҰАТ қабілеттілігі күшейтілуі тиіс, оның Азаптауға қарсы Конвенциясының Қосымша Хаттамасына (АҚКҚХ) сәйкес өз рөлін нәтижелі орындау үшін жеткілікті ресурстары болуы тиіс.

Осы өзгерістерді бақылау үшін және азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарау түрлері н қолдану туралы істерді тергеу сапасын жақсарту үшін (бұл міндеттерді ҚБК да, ҰАТ де орындауы тиіс емес) Бас прокурор Қазақстан ҰЕҰ-ң Азаптауға қарсы Коалициясы мен ҚБК Үйлестіру кеңесінің, омбудсмен офисінің тәжірибесіне сүйеніп, кеңес құруы керек. Жылына екі рет кездесуі мүмкін, және де, азаптау қолдану туралы шағымдарды тергеу процесіндегі жүйелі

кемшіліктерді анықтап, жоюға және кейбір жеке оқиғаларды қайта қарауға құқылы болуы тиіс. Бұл Қазақстандағы азаптау құрбандарының әділсот құқықтарын жүзеге асырудағы маңызды қадам болады.

## ҚАЗАҚСТАН БИЛІКТЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН КЕҢЕСТЕР

Amnesty International Қазақстанды азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы барлық шағымдар жедел, тиісті және нәтижелі тергелуін, кінәлілердің әділсотқа жеткізуін және құрбандардың тиісті өтемақы алуын қамтамасыз етуге шақырады.

- Арнайы прокурорлар бөлімдерінің (АПБ) құзыретін анықтап, мынадай міндеттерді жүктеу:
  - Азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарауға қатысты **барлық** істер бойынша тергеуді өз қолына алу; және
  - Құқық қорғау органдары жүргізетін тергеуді басқарып қана қоймай, азаптау мен басқа да қатыгездікпен қарауға қатысты істер бойынша тергеуге белсенді араласу.
- Жылына екі рет кездесіп, азаптау мен басқа да қатыгез әрекеттеріне қатысты шағымдардың тергелуін бақылау үшін Бас прокурор басшылығымен кеңес құру. Бұл кеңес азаптау оқиғаларын тергеудегі жүйелі кемшіліктерді анықтап, оларды жою бойынша кеңестер беріп, жеке оқиғаларды қарауы мүмкін. Кеңеске азаматтық қоғам сарапшылары, оның ішінде Қазақстанның ҰЕҰ азаптауға қарсы Коалициясы, ҚБК Үйлестіру кеңесі мүшелері мен омбудсмен офісі өкілдері шақырылуы мүмкін.
- «Құқық қорғау органдарының азаматтық қоғам мүшелерімен азаптау және басқа да заңсыз тергеу жүргізу әрекеттеріне шағымдарду тексеру кезінде өзара ынтымақтасу және сондай шағымдарды қарау туралы» Бірлескен бұйрығын мынадай мақсаттарда өзгерту:
  - Ресми түрде мойындалған Қоғамдық бақылау тетігінің түрмелер мен тергеу изоляторларындағы азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттері құрбандарымен кедергісіз кездесу құқығын жүзеге асыру ретін бекіту; және
  - Ресми түрде мойындалған Қоғамдық бақылау тетігі арқылы түскен барлық азаптау туралы шағымдар қылмыстық іс ретінде тергелуі тиіс.
- ҚБК мен Ұлттық алдын алу тетігі (ҰАТ) өз рөлін нәтижелі атқару үшін жеткілікті ресурстарға ие болуын қамтамасыз ету тиіс, оның ішінде ҰАТ мүшелеріне бақылауды жақсарту үшін тренингтер өткізілуі тиіс.
- Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды тергеу бойынша толық жауапкершілігі бар тәуелсіз полицияға шағымдану тетігін құру. Ол жоғарыда айтылған Кеңеспен және кең мағынада азаматтық қоғаммен бірлесіп жұмыс істеуі тиіс.
- Прокурорлар азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды іс жүргізу бұзушылығы емес, қылмыс ретінде қарауы тиіс.
- Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттерді нәтижелі рәсімдеу және тергеу үшін жергілікті тәжірибеге Стамбул Хаттамасында бекітілген кеңестерді енгізу керек.
- Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер құрбандары тәуелсіз дәрігерлік тексеруге және оларға медициналық мәліметтердің көшірмелеріне өздері

- және адвокаттары кідірусіз қол жеткізе алатынын қамтамасыз ету.
- Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер құрбандарын қорғайтын адвокаттар өз кәсіби міндеттерін БҰҰ заңгерлер рөлі туралы Негізгі ұстамдарға сәйкес қорқытусыз немесе заңсыз араласуынсыз орындай алатынын қамтамасыз ету.<sup>108</sup>

---

<sup>108</sup> Біріккен Ұлттар Ұйымы, “Заңгерлер рөлінің басты ұстамдары”.

# “ӘДІЛДІК ТҰЙЫҒЫ”

## ҚАЗАҚСТАНДА АЗАПТАУ ЖАЗАСЫЗ ҚАЛУДА

Құқық қорғау органдары тарапынан азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер Қазақстанның қылмыстық әділсот жүйесінде үйреншікті жағдай болып қалуда. Қазақстандағы адам құқықтары бойынша ұйымдар жыл сайын алатын жүздеген азаптау туралы шағымдардың санаулысы ғана жазалауға дейін жетеді. Заң құжаттарына және саясатқа жағымды өзгертулер енгізілгеніне қарамастан, құрбандардың зиянын өтеу әлі де нәтижесіз. Ресми шағымдану процесі күрделі, бұзушыларға жауаптан жалтару жолдарын қалдырып, құрбандарды қорқыту және құдалау мүмкіндіктерін береді. Көптеген құрбандар шағымды тіркеуге тырыспайды, ал шағым бергендер жиі жағдайда көмексіз қалып, қорқытуға ұшырайды.

Осы баяндамада Amnesty International Қазақстанның қылмыстық әділсот жүйесінде азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттерден зардап шеккендердің оқиғаларын баяндайды. Олардың көпшілігі көп жылдар бойы жүйемен күресіп, қолдауды тек отбасыларынан және саны аз берілген адвокаттар мен ҰЕҰ-дан тапты.

Олардың азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдарын нәтижелі тергеуден және кінәлілерді әділсотқа жеткізуден бас тарту Қазақстанның адам құқықтары бойынша халықаралық міндеттерін бұзады. Қоғамның қылмыстық әділсот жүйесіне және халықтың құқық қорғау органдарына сену өте маңызды. Қазақстан үкіметіне азаптау мен басқа да қатыгез іс-әрекеттерді жою бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындауға және азаптау туралы барлық шағымдардың жедел және нәтижелі тергелуін қамтамасыз етуге уақыт келді.

Қазақстан үкіметі қазіргі уақытта жасай алатын нақты қадамдардың ішінде арнайы прокурорлар бөлімдері азаптауға қатысты барлық шағымдарды тергеу міндетін арттыру, азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекеттер туралы шағымдардың тергелуін бақылау үшін Бас прокурор басшылығымен азаматтық қоғам сарапшыларынан тұратын кеңес құру. Келешекте Қазақстанға азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер туралы шағымдарды тергейтін бөлек, толығымен тәуелсіз полицияға шағым түсіру тетік құру керек.

Индекс: EUR 57/3345/2016

2016 ж. наурыз

